



## ТЫҢ БАСТАМАЛАРҒА ҰЛАСҚАН ТАРИХИ САПАР



Тәуелсіздік сарайында елімізге ресми сапармен келген Кипр Республикасының Президентін ресми қарсы алу рәсімі өтті. Іс-шара аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никос Христулидис бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң Қазақстан мен Кипрдің әнұрандары шырқалды.

Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Кипр Президентіне ілтипат білдіріп, оның Қазақстанға жасаған алғашқы ресми сапарының тарихи мәнін атап өтті.

— 2019 жылы Сыртқы істер министрі лауазымын атқарып жүргеніңізде елімізге келіп, Қазақстанның Еуропа Одағындағы сенімді досы әрі қолдаушысы ретінде әрекет ететініңізді мәлімдеген едіңіз. Бүгінде біз айтарлықтай нәтижеге қол жеткіздік деп сеніммен айтуға болады. Мемлекеттеріміздің астаналарында елшіліктерімізді аштық. Екі ел арасында тікелей әуе рейсі іске қосылды, басқа да бірқатар маңызды жоба жүзеге асырылды. Дегенмен екіжақты ықпалдастықты кеңейту үшін әлеуетіміз жеткілікті деп ойлаймын. Өз тарапымынан көптеген бағытта ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға күш салуға дайынмын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Никос Христулидис Қазақстан Президентіне қонақжайлық көрсеткені үшін алғыс айтты.

— Сіздің еліңізді Кипрден тікелей қатынайтын алғашқы рейс арқылы іскерлік делегация өкілдерімен бірге ұшып келгеніме өте қуаныштымын. Елдеріміздің әлеуеті мол. Бүгінгі келіссөздер өзара ынтымақтастықты арттыруға септігін тигізеді деп санаймын. Сондай-ақ Қазақстанға басқа лауазымында келіп отырмын. Қазіргі уақытта еліміз Еуропа Одағы Кеңесіне төрағалық етіп жатыр. Аталған өңірдің маңызын және Қазақстанның ерекшеліктерін ескере отырып, Еуропа Одағы мен Қазақстан арасындағы ықпалдастықты одан әрі ілгерілету жолдарын талқылауға әзірмін, — деді Кипр Президенті.

### МАЗМҰНДЫ МӘМІЛЕЛЕР ЖАЛҒАСЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никос Христулидис екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Мемлекет басшысы Кипр Республикасының Президенті дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған сәттен бері елімізге алғаш рет тарихи сапармен келгенін атап өтті.

— Біз жаңа ғана шағын құрамда мазмұнды келіссөз жүргізіп, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бейіл екенімізді растадық. Қазақстан өзара тиімді келісімдерді бекітуге дайын. Өйткені елдеріміз арасында қалыптасқан достықты құрмет тұтамыз. Сапарыңыздың

(Жалғасы 3-бетте)

4 маусым — Мемлекеттік рәміздер күні

## КӨК АСПАННЫҢ БІР ҚҰЛАШЫН КӨТЕРІП...



## ALATAU CITY: ЖАҢА ДӘУІР ҚАЛАСЫ



Алатау қаласын салу ел дамуын жаңа сапалық деңгейге көтеретін, мемлекет тарихында өзіндік із қалдыратын жоба болғалы тұр. Ең бастысы — ALATAU CITY жобасы жан-жақты пысықталып, зерделенген, берерінің қандай болмағы есептелген бастама. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы облысына жасаған жұмыс сапарында бұған анық көз жеткіздік.

Президенттің Алматы облысына жасаған жұмыс сапары Алатау қаласының даму жоспарымен танысудан басталды. Жоспарға көз жүгіртсек, қала ауданы 88 мың гектарды құрамақ. Яғни, болашақтың қаласы көлемі жағынан елімізде Шымкенттен кейінгі орынға шығатын ірі шаһар болатын деп тұр. Ашық дерек көздеріндегі мәліметтерге сүйенсек, қазір Қазақстанда аумағы жағынан бірінші орында Шымкент тұр. Жалпы ауданы 117 мың гектарды құрайды. Одан соң 71 мың гектар ауданы бар Астана, 68 мың гектарды алып жатқан Алматы қалалары тұр. Демек, Алатау қаласы — XXI ғасырдың алғашқы жартысындағы мега-жоба болады деген сөз. Шаһар 4 арнаулы аумаққа бөлініп, 2050 жылға дейін дамытылады. Бір атап өтер жайт, жаңа қаланы басқарудың тың моделін қалыптастырудың құқықтық базасы әзірленіп үлгерді. Яғни, арнайы Конституциялық заң қабылданды. Магистралды инфрақұрылымды ілгерілету бойынша жол картасы әзірленіп жатыр. Қазірдің өзінде қаланың бірқатар ауданы жедел өркендеп келеді. Мысал ретінде Gate City тұрғын үй алабын атауға болады. Мұнда «жайлы мектеп» бой көтеріп, «Марвен Фуд Тянь-Шань», «КНАУФ», Fruit Art, Dolce Pharm және Алматы желдеткіш зауыты секілді жүйе құрайтын кәсіпорындар жұмыс істейді.

Сонымен қатар 53 инвестициялық жобадан тұратын, жалпы сомасы 2 триллион теңгелік пул жасакталды. Бірқатар нысанның құрылысы басталып та кетті. Атап айтқанда, PepsiCo компаниясы Орталық Азиядағы картоп өндіретін ең ірі зауыт салып жатыр. Mars Petcare компаниясы үй жануарларына арналған азық өндіретін өңірдегі алғашқы заманауи өрі бірегей жобаны қолға алды. KHAN TENGRI BIOPHARMA компаниясы дәрі-дәрмек пен медициналық кондырғылар шығарумен айналысады. «Исткомтранс» және G-Trans компаниялары логистикалық кластер құруда. Жоспарда Iconic Complex жобасы тұр. Бұл Алатаудағы көпфункционалды озық кешен саналады. Қаладағы негізгі нысанның бірі Gate District ауданында бой көтермек.

Сонымен бірге Қасым-Жомарт Тоқаев таза әрі пайдалы жапырақты көкөніс түрлерін өсіретін GREEN ECO заманауи жылыжай кешенінің қызметімен, сондай-ақ Қазақстан нарығындағы өндіріске қолданылатын технологиялармен танысты. Бүгінде 160 адам еңбек ететін кәсіпорынның өнімдері Қазақстанның 10 қаласына жеткізіледі. Президент «Лукоморье» тұқымбағы — бак орталығын аралап көрді. Бұл — автоматтандырылған жұмыс арқылы жылына 1,5 миллион түпке дейін ағаш, сәндік бұталар мен гүлдер өсіруге қауқарлы еліміздегі ірі орталық. Мемлекет басшысына Turanga сәндік өсімдіктер тұқымбағын ұйымдастыру аясында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды. Онда 130 мыңға жуық ағаш және 3,5 миллион түп бұта өсіру жоспарланып отыр. Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі бірегей спорт жобасы — «Атлетико де Мадрид Қазақстан» халық-

аралық деңгейдегі футбол академиясының қызметімен танысты.

Мемлекет басшысы академияның 180 балаға арналған жатақханасын аралап көрді. Қазір мұнда еліміздің әр түкпірінен келген 116 бала жаттығады. Академия ойыншыларын испандық бапкерлер іріктеп, оған Қазақстанның барлық өңірінен 4 мыңнан аса бала қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев академияны дамыту және спорттық инфрақұрылымды кеңейту жоспары көрсетілді. Осы орайда жасанды қоғалы бар екі ашық футбол алаңын, 500 орындық жабық манеж және әкімшілік-тұрмыстық кешеннің жаңа ғимаратын салу көзделген.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев жабындысы FIFA талаптарына сай келетін футбол алаңын көрді, сондай-ақ допты игеру техникасы мен испан әдістемесі бойынша командалық іс-қимыл дағдыларын пысықтауға кіріскен жас футболшылардың жаттығуын тамашалады.

Мемлекет басшысы академия өрендерімен жылы рәуіште әңгімелесті. Кездесуден естелік ретінде футбол добына қолтаңба қалдырды. Іс-шараға Испанияның Қазақстандағы елшісі Луис Франсиско Мартинес Монте, «Атлетико Мадрид» футбол клубы директорлар кеңесінің мүшесі Давид Вилья, аталған клубтың академия істері және халықаралық даму жөніндегі директорының орынбасары Мария Тереса Кириви қатысты.

Бұл айтылғандар Алматау облысына жасаған жұмыс сапары барысында Президентке таныстырылған жобалар еді. Ал біз Алатау қаласын дамыту жөніндегі кеңесті Мемлекет басшысының бұл аймаққа жасаған сапарының өзегі ретінде бағалдық.

### ЖАҢА ШАҒАР САЛУ — СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕШІМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алатау қаласын дамыту жөніндегі кеңесте жаңа шаһар салу жөніндегі шешімінің стратегиялық маңызы зор екенін атап өтті.

«Баршанызға мәлім, мен осыдан екі жыл бұрын болашақ қаласы — Алатау шаһарын салу туралы шешім қабылдадым. Бұл жобаның тұтас еліміз үшін стратегиялық маңызы зор.

Біз осы қалаға инвестиция тартып, оны бизнестің және инновацияның жаңа орталығы ретінде дамытатын болдық. Осы жерде өмір сүру, жұмыс істеу азаматтарымызға, әсіресе өскелең ұрпаққа мол мүмкіндік бермек. Сондықтан Алатау қаласы құрылысының негізгі қағидалары жаңа Конституцияға енгізілді. «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заң қабылданды, — деген Мемлекет басшысы кеңес барысында бірқатар маңызды мәселені пысықтау қажет екенін атап өтті.

«Алдымен, осы кезге дейін жүргізілген жұмыспен танысайық. Сонымен қатар жедел мәселелер мен ұзақ мерзімге арналған міндеттерге тоқталу қажет. Бір сөзбен, алдағы жұмыстың бағдарын айқындап алған жөн.

Жалпы, Алатау қаласына қатысты кез келген мәселені жедел шешу үшін барлық қажетті жағдай жасалып жатыр. Қазірдің өзінде қаланың сапалы дамуына жол ашатын құқықтық негіз толық қалыптасты деп айтуға болады. Соның аясында салық жеңілдіктері ұсынылды, бақылау және реттеу тетіктері де бизнес жүргізу үшін оңтайлы бола түсті. Бұдан бөлек, осы қалада жұмыс істейтін кәсіпкерлердің құқықтары жаңа жағдайға сәйкес, сондай-ақ цифрлық активтерді дамыту үшін қолайлы жағдай жасалады. Сондықтан бүгінде Алатауды ресми түрде бірегей құқықтық мәртебесі бар «қарқынды дамытын қала» деп атауға болады», — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Алматы облысының даму қарқыны тәуір екенін атап өтті. Былтыр өңірлік жалпы өнім көлемі 6,7 триллион теңге болып, 5,4 пайызға өскен. Биылғы қаңтар-сәуір айларындағы қысқарған мерзімді экономикалық көрсеткіш бойынша аймақ елімізде 5-орында тұр.

«Инвестиция тарту жұмысы белсенді түрде жүргізіліп жатыр. Жыл басынан бері облыс экономикасына 266,2 миллиард теңге инвестиция салынды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі шамамен 900 миллиард теңгеге жетті. Бірақ аграрлық сектордың әлеуеті әлі де толық игерілмей жатыр.

Биылғы 4 айдың нәтижесі бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығының нақты көлем индексі 101,2 пайыз болды. Алайда бір олықлыққа назар аударғым келеді. Қонаев қаласындағы инфрақұрылым құрылысы өте баяу жүргізіліп жатыр. «Баяғы жартас — сол жартас», қаланың кенбеті — өзгеріссіз күйде. Бұл қалада шұғыл түрде театр, стадион, әкімшілік ғимараттар мен мектептер салу керек. Онсыз Алматы облысы өз аяғына тұрып кете алмайды. Облыс басшылығы осы өзекті мәселелерге баса назар аударуы қажет», — деді өз сөзінде Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент сонымен қатар Алатау қаласын салу туралы шешім еліміздің экономикасында күрделі жағдай болған кезде қабылданғанын айтты.

«Бірақ бұл мәселеге байыппен қарадық. Асығыстыққа жол берген жоқпыз. Алатау City жобасы — шын мәнінде, жан-жақты зерделенді, пысықталды деп айтуға болады.

Жалпы, әлемдік тәжірибеге қарайтын болсақ, дәл осы болашақ қалаларын салу арқылы ел дамуын жаңа сапалық деңгейге көтеруге зор мүмкіндік туады. Мысалы, Дубай, Шэньчжэнь, Инчон, тағы да бірқатар қаланың сәтті жобалар екені баршаға мәлім. Сол себепті біз де Алатау City жобасына зор үміт артып отырмыз. Бұл істе ең алдымен құқықтық сұрақтарды, жер және инфрақұрылым мәселелерін шешу қажет. Осы бастаманы іске асырудың бастапқы кезеңінде бірқатар негізгі бағытқа баса мән беруіміз керек», — деді Мемлекет басшысы.

### ЖЕТІ МІНДЕТ — ЖЕТІСТІК КІЛТІ

Мемлекет басшысы Алатау қаласын дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелеу үшін нақты жеті міндет тұрғанын атады. Президент арнаулы құқықтық режим, қаланы дамытудың орнықты моделін құру, қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру, Алатау қаласын цифрлық активтерді жедел дамыту және елдің жаңа қаржы архитектурасын құрудың стратегиялық алаңына айналдыру, негізгі инфрақұрылымды, әлеуметтік және туристік инфрақұрылымды, Алматы агломерациясын дамыту қатарлы бағыттарды атады.

Ең алдымен арнаулы құқықтық режим құру міндетін толыққанды іске асыру маңызды екенін атап өтті.

«Біз Конституциялық заң арқылы қаланы қарқынды дамыту үшін мықты құқықтық негіз қаладық. Бірақ «арнаулы құқықтық режим бар, енді міндетті түрде табысқа жетеміз» деп ойлау қателік болар еді. Өйткені дәл осындай режим енгізілген экономикалық аймақтардың талай рет іс жүзінде нақты нәтиже бермегені белгілі. Сапалы институттар, ашық әрі тұрақты ережелер, дербес реттеу тетіктері болған жоқ. Соның салдарынан көптеген жоба ойдағыдай жүзеге асырылмай қалды. Бұдан тиісті сабақ алып, дұрыс қорытынды шығару қажет», — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, арнаулы режим тиімді жұмыс істеуі үшін біртұтас заңнама жүйесі қажет.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

## АҚОРДА

4 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ALATAU CITY:  
ЖАҢА ДӘУІР ҚАЛАСЫ

(Басы 1-бетте)

«Бұл жұмысты екі денгейде атқару қажет. Біріншісі – негізгі қағидаларды белгілейтін конституциялық денгей. Бұл мәселе өз шешімін тапты. Ал екіншісі – құқықтық реттеу денгейі, яғни экономикалық қызметтің әр саласы бойынша нақты заңнамалық тетіктер айқындалды.

Түптеп келгенде, мұндай жұмыс жүйесі құқықтық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді және орынсыз заңнамалық өзгерістерден қорғап, жедел және тез шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Алатау жобасына қатысты реттеу актілерін әзірлеу барысында міндетті түрде осындай құқықтық жүйелерді құру ісінде мол тәжірибесі бар білікті шетелдік сарапшыларды тарту қажет.

Қала әкімшілігі негізгі реттеу актілерінің барлығын бір жылдың ішінде қабылдауды жоспарлап отыр. Қаланы дамыту жөніндегі кеңес бұл істі мейлінше тез қолға алу керек. Жұмысты соза беруге болмайды. Әйтпесе, инвестициядан құр қаламыз. Бизнес өкілдері де бізге сеніп отыр, сондықтан бұл жұмысқа нұқсан келтіруге болмайды.

Халықаралық инвесторлар қолайлы жағдай жасайды деп, жылдар бойы күтіп отырмайды. Олар қай жерде мол мүмкіндік болса, соған сай бірден шұғыл шешім қабылдайды. Алатау жобасына қатысты заңнамалық жұмыс жылдам әрі сапалы жүргізілуге тиіс. Бұл – аса маңызды стратегиялық міндет», – деді Мемлекет басшысы.

ЕКІНШІ МІНДЕТ –  
ҚАЛАНЫ ДАМУ ТҮРІНДЕГІ  
МОДЕЛДІ ҚҰРУ

Қасым-Жомарт Кемелұлы жобаны жүзеге асыру айтарлықтай күрделі және операциялық шығындарды қажет ететінін айтты. «Бұл орайда тұрақты, болжамды кіріс базасын қалыптастырған жөн. Қазіргі қаржылық-экономикалық моделдің келешек шығындарды жаба алмай қалу қаупі де бар.

Инвестиция ағыны мен бизнесті дамытуға баса мән беріп отырмыз. Дегенмен бұл – кепілдік берілген табыс көзі емес, бар болғаны болжам мен үміт қана», – деді Президент.

Сонымен қатар бастапқы кезеңде көзделген жеңілдіктер салық түсімдерінің азаюына әкелетінін де атап өтті. Бұл дегеніңіз, құрылымдық ашақтыққа ұрындыру мүмкін. Өйткені қаланы қамтамасыз ету мен дамытуға қаражат қажет кезде түсімдер кешігуі немесе бастапқыда төмен болуы ықтимал. Сондықтан Алатауды дамыту жөніндегі кеңес қала әкімшілігімен бірге ұзақмерзімді орнықты дамудың тиімді қаржы-экономикалық үлгісін әзірлеуі керек.

«Инвесторлар мен серіктестер, азаматтар 10, 20 немесе 30 жылдан кейін Алатау қаласының қандай болатынын түсінуі қажет. Alatau City үлкен деректерді, озық технологияларды және «ақылды» басқару тетіктерін негізге ала отырып, инфрақұрылым, қалалық сервистері мен экономикасы өзара ықпалдастырылған алғашқы толық цифрлық қала болады. Басты бағдар – осы», – деді Президент.

Сондай-ақ Президент қаланы дамытуға белсене кірісу үшін қажет болатын стратегиялық құжаттарды биыл жыл соңында қабылдауды тапсырды.

Үшінші міндет ретінде Мемлекет басшысы қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруды атады. Қаланы дамыту үшін инвесторларға барынша жайлы жағдай жасалуға тиіс және оларға жоғары денгейде қызмет көрсетілуі қажет. Ең алдымен халықаралық талаптардың қатаң сақталуына баса мән беріледі. Әсіресе, ұлттық заңнама жүйесінде қамтылмаған мәселелер бойынша әлемдік озық тәжірибені кенінен қолдану өзекті бола түседі.

Президент өз сөзінде: «Нағыз озық әрі жедел даму жолына түсеміз десек, бұл жұмысты міндетті түрде қолға алуымыз керек. Тиісті лауазымды тұлғалар ешкімнен қорықпай, батыл шешімдер қабылдауы керек. Бұл өтініш я кеңес емес, бұл – нақты тапсырма.

Арнайы құқықтық мәртебесі бар қалалар жаһандық капиталды тарту үшін дәл осылай батыл әрі белсенді жұмыс істеп, алдыңғы қатарға шығады. Бұл саладағы жұмыстың бәрі нәтижелі болсын десек, инвесторларды көптеп тарту керек болады, ал ол үшін қолайлы орта жасауымыз керек және тиімді экожүйені құруымыз қажет. Бұл – әрине, өте ауқымды шаруа. Сондықтан алдымен өзекті, яғни басымдыққа ие бағыттарға айрықша мән беру керек: IT, өнеркәсіп, білік және логистика, туризм, медицина, бөлім жөне салаларын дамыту өте маңызды», – деді.



Сонымен қатар Президент қаланы дамыту үшін жасалған пул мен қаржы құйылған қаржы аясында 50 мыңнан аса жұмыс орны ашылатынын айтты. Алдағы уақытта бұл портфель кеңейтілуі қажет екенін тапсырды.

«Әсіресе, отандық бизнесті ынталандыруға баса назар аударылғаны жөн. Бизнес өкілдері сырттан бақылаушы болмай, қаланы дамытудың бел ортасында жүруі қажет. Мұның маңызы зор. Өйткені Шэньчжэнь секілді қалалардың тәжірибесі алғашқы онжылдықта шаһардың өркендеуіне жұмсалған инвестицияның басым бөлігін сыртқы емес, ішкі салымдар құрағанын көрсетіп отыр.

Шэньчжэнь, Хайнань, Дубай, Сингапур сияқты қалалардың бәрінде мемлекет алғашқы инвестор ретінде базалық инфрақұрылым қалыптастырып берді. Осылайша, бизнесте тәуекел азайып, тиісті жағдай жасалатын орнықты инвестициялық цикл іске қосылды», – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, мемлекет инфрақұрылымға инвестиция салса, жеке капитал да келе бастайды. Соның арқасында салық түсімі артады, жаңа инфрақұрылым пайда болады. Осылайша, қолға алынған жұмыстың ауқымы кеңейе береді. Ал негізгі инфрақұрылымға бастапқы инвестиция салу міндеті тек жеке секторға ғана жүктелсе, жобалардың инвестициялық тартымдылығы әлсірейді.

«Сондықтан Үкімет бастапқы кезеңде қаланың негізгі инфрақұрылымын дамыту мақсатында тұрақты түрде қаржы бөліп отыруы керек. Басқа жол жоқ. Қажет болса, орнықты кіріс қоры қалыптасқанша Алатауға қосымша лимиттерді және мемлекеттің кепілдігімен қарыз алу құқығын беруге болады. Дегенмен бюджет қаржысы тек инвестициялық мақсатқа сай жұмсалғанды тиіс. Қаланың ұзақмерзімді даму бағдары басты назарда болуы керек», – деді Президент.

Ал төртінші міндет ретінде қарастырылған қаланың цифрлық активтерді жедел дамыту және елдің жаңа қаржы архитектурасын құрудың стратегиялық алаңына айналуы мәселесіне келсек, Алатаудың криптокаланы ретіндегі маңызы арта түседі. Өйткені Қазақстан қаржы нарығы қарқынды трансформация кезеңінде тұр. Елімізде жарияланған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы финтех индустриясын дамытуға ықпал етеді. Осы саланы дамыту үшін қысқа мерзімде артық кедергілерді жойып, жаңа қаржы құралдарын іске қосу қажет. Президенттің пайымдауынша, цифрлық активтердің нақты құқықтық мәртебесін бекітіп, криптоактивті мүлік ретінде тану керек. Бұл жүйеде цифрлық тенге негізгі рөл атқарады.

«Халықаралық танымал орталықтармен табысты бәсекеге түсу үшін Алатау қаласында цифрлық активтер операциясына және жергілікті юрисдикцияда капиталдың өсуіне нәтижелі мөлшерлеме белгіленіп, тиісті құқықтық жағдай жасалуы қажет. Экономиканың нақты секторларын, соның ішінде жылжымайтын мүлікті, инфрақұрылым нысандарын, шикізат активтерін токенизациялау жобасын жүзеге асыруды жеделдеткен жөн. Бұл орнықты және сұранысқа ие цифрлық құралдар нарығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы орайда транзакцияларды цифрлық идентификациялау және ашық мониторингтеу негізінде қауіпсіздік пен инвестициялық

тартымдылық теңгерімін қамтамасыз ететін бақылау жүйесін іске қосу қажет. Яғни тұтастай алғанда Отанымыздың түбегейлі жаңа әрі сапалы өркендеуі туралы сөз болып отыр. Біз елімізді қаржылық тұрғыдан дамыту және трансформациялау жолында белгілі бір денгейде революция жасап жатырмыз», – деді Мемлекет басшысы.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ  
ДАМУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысы инфрақұрылымды озық үлгіде дамыту бесінші міндет екенін атады. Әрі бірқатар мәселе бар екенін айтты. Айталық, қалаға қосылған елді мекендердің тұрғындары тұрмысқа қажетті

«Мамандардың басым бөлігі энергия тапшылығы мәселесінің негізгі шешімі жаңа генерацияны іске қосу деп біледі. Пікірталастың барлығы екі аспектіге – қанша және қандай электр станцияларын салу қажет деген сауалға келіп тіреледі. Біз қашанда талқылауға дайын тұрамыз. Бірақ қазіргі уақытта еліміз энергияны қаншалықты көптеп жоғалтып отыр деген негізгі сауалды ешкім қозғамайды.

Осы проблеманы шешу үшін First fuel тұжырымдамасына ерекше назар қажет деп санаймын. Халықаралық энергетика агенттігі әзірлеген бұл тұжырымдама энергияның тиімділігі мен қуат үнемдеуді арттыру шараларын кенінен енгізуді қарастырады. Үнемделген энергияның бағасы жаңадан өндірілетін электр энер-



қарапайым жағдайдың жасалмағанына шағымданады екен.

«Электрдің жиі өшуіне қатысты арыз-шағымның көптігін былай қойғанда, тұрақты интернеттің, сапалы жолдың, орталықтандырылған судың жоқтығын алға тартады. Мұндай проблемалар облыстың барлық аумағында бар. Мәселен, 2025 жылы электр желісінің тозуы 70 пайызға жуықтап, соның салдарынан электр қуатының өшірілуі – 919 рет, ал жыл басынан бері 201 мәрте тіркелген. Қаланың жаңа аудандарында инженерлік коммуникация тарту жұмыстары әлі күнге дейін жобалау сатысында қалып отыр. Үш қосалқы станцияны жөндеу және су алу қондырғысының қуатын арттыру жобалары белгіленген кестеден кешігуде.

Alatau Smart-City салу міндеттері мен өңірдегі нақты әлеуметтік-экономикалық жағдай арасында қарама-қайшылық айқын байқалады. Мұны ашық айттайық. Бұл жағдайды Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевтың, сонымен қатар әкім Марат Сұлтанғазиевтің тарапынан жіберілген оқшылық деп санаймын», – деді Президент.

Әрі жаңа энергия қуаты көздерін кеңейту мен іске қосу қажеттігі – елдік денгейдегі мәселе екенін айтты.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ОРЫНДАУ –  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Жиында Мемлекет басшысы Үкіметке, әкімдерге «Таза Қазақстан» тұжырымдамасына қатысты ерекше міндет жүктеді. Президент материалдық қана емес, ниет тазалығы да маңызды екенін атап өтті.

«Осыған байланысты Үкіметке, әкімдерге тағы да айтарым: «Таза Қазақстан» тұжырымдамасының орындалуы – конституциялық міндет. «Таза» деген сөздің мағынасы көпқырлы. Бұл – қалаларымызды тазалау, көгалдандыру, көркейту, абаттандыру деген сөз. Сонымен қатар бұл – ниетіміздің тазалығын сақтау, отаншылдығымызды паш ету деген сөз. «Таза Қазақстан» жалпыхалықтық қозғалысы Әділетті Қазақстанның болмысына, тіпті оның тұтас идеологиясына айналуы керек», – деді Президент. Әрі «Таза Қазақстан» мәселесіне алтыншы міндетті тілге тиек еткен кезде тағы да тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қалалар мен ауылдарды көркейту, аумақтарды көгалдандыру жұмысына әрдайым ерекше мән беру қажет. Сондай-ақ экологиялық мәдениетті көтеру мәселесіне көңіл бөлген жөн. Әсіресе, адамдардың туристік нысандар мен табиғат аясындағы тәртібіне айрықша назар аудару маңызды.

Тәртіп бұзушыларды, яғни вандалдарды заңға әйкес жауапқа тарту қажет. Бір сөзбен, құқықтық нигилизмге қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Заң мен тәртіпке құрметпен қарау дегеніміз – жазадан қорқу емес, бұл – ең алдымен жауапкершілік сезімі жоғары азаматтарға тән айрықша болмыс. Осы маңызды дүниені дұрыс түсінген жөн», – деді.

Сонымен қатар қазіргі бұлыңғыр, әскери қақтығысқа толы заманда елімізге татулық пен тұрақтылық ауадай қажет екенін атады. Осыз ешқандай реформа, жалпы өзгеріс болмайтынын, сондықтан құқық қорғау мекемелері заңбұзушылықтарға қатаң шаралар мен жазаларды қолдануы керек екенін айтты. Әрі құқықтық әрекеттерді сынау дұрыс емес екенін атап өтті.

«Кейбір елімізді жақтырмайтын, менсінбейтін кісілер, өкінішке қарай, солардың ішінде Парламент депутаттары бар, құқықтық әрекеттерімізді «Штрафстан», «Айыппұлстан» деп атайды екен. Мейлі, өз ойларының келетінін көрсете берсін. Ал халқымызға қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік керек. Сондықтан біз осы жолдан таймаймыз, батыл түрде «Заң мен тәртіп» саясатын жүргіземіз. Себебі бұл – халқымыздың талабы, халқымыздың сұранысы. Бүкіл қоғам да, әкімдер де бұл мәселеге баса назар аударуы керек», – деді Президент. Сөйтіп, «Заң мен

тәртіп» қағидатын орнықтыруға бағытталған қадамдарды сынап, арзан ұпай жинауға ұмтылу ұшпаққа шығармайтынын мензеді.

ОТАНДЫҚ ӨНІМНІҢ  
БӘСІ ЖОҒАРЫ  
БОЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы өз сөзінде қала құрылысы барысында, негізінен отандық өнімді пайдаланған жөн екенін айтты. Егер жұмыс дұрыс ұйымдастырылса, Alatau City жобасы – құрылысқа және жалпы ел экономикасына мықты серпін беретін бастама. Дегенмен құрылысты толық әрі қарқынды жүргізу үшін жер мәселесін шұғыл шешу керек.

«Алматы облысының жері өте шұрайлы екені баршаға мәлім. Қаладағы және іргелес аумақтағы жер телімдерінің көпшілігі жеке меншікке немесе ұзақ мерзімге жалға берілген. Олардың басым бөлігі әлі күнге дейін игерілмей жатыр. Мемлекет қажетті нысандар салып, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін жер телімдерін сатып алуға мәжбүр болып отыр. Бұл жағдай бүкіл жұмысқа үлкен кедергі келтіруге.

Мемлекет басшысы өз сөзінде қала құрылысы барысында, негізінен отандық өнімді пайдаланған жөн екенін айтты. Егер жұмыс дұрыс ұйымдастырылса, Alatau City жобасы – құрылысқа және жалпы ел экономикасына мықты серпін беретін бастама. Дегенмен құрылысты толық әрі қарқынды жүргізу үшін жер мәселесін шұғыл шешу керек.

Өкінішке қарай, құрылысы басталған жобалардың саны жоспарға сай емес, яғни әлдеқайда аз. 2024-2025 жылдардың өзінде қолданылмай жатқан 16 мың гектардан астам жер анықталды. Бірақ оның бар-жоғы 688 гектары ғана мемлекетке қайтарылды. Бұл жұмыс көптен шешімін таппай келе жатқан шектеулер мен рәсімдік кедергілерге байланысты өте баяу жүріп жатыр. Осы мәселе бойынша билік мекемелерінің қауқарсыздық көрсетуіне хақы жоқ. Елімізде инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жер телімдерін пайдаланудың айрықша шарттары әзірленді. Аталған құқықтық режим Конституциялық заң арқылы бекітілді», — деді Президент.

Сонымен қатар бірінші кезекте баса назар аударатын мәселелерді қолға алу қажет екенін айтты.

«Мысалы, кокыс полигондарынан үнемі өрт шығады, бұл мәселені шұғыл және түпкілікті шешкен жөн. Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жұмысын да назарда ұстау қажет. Қалаға жақын аумақта 30-ға жуық жер қойнауын пайдаланушы компания қызмет етіп жатыр. Олардың басым бөлігі экологиялық заңнама талаптарын және өнеркәсіп қауіпсіздігінің нормаларын сақтамайды. Тіпті, мұндай заңсыз әрекеттер жүйесі сипат алып кеткен деп айтсақ, артық болмайды. Өкінішке қарай, қызметін толық немесе уақытша тоқтатқан көптеген компания жерді қалпына келтіру жұмысымен мүлде айналыспайды. Осы мәселені шешу — жергілікті атқарушы органның тікелей міндеті. Үкімет бұл мәселені қатаң бақылауда ұстауға тиіс. Президент Әкімшілігі осы жұмысқа қосылуы қажет», — деді Мемлекет басшысы.

#### ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ІСТЕЛІП ЖАТЫР

Қасым-Жомарт Тоқаев алтыншы міндет ретінде Әлеуметтік және туристік инфрақұрылымды қарқынды түрде дамыту қажет екенін алға тартты. Бірақ бұл салада бірқатар мәселелер әлі де бар.

«Бұл салада нақты атқарылған жұмыс жоқ деп айтсақ, қателеспейміз. Ал қазіргі таңда туризм инвестициялық тартымдылықтың өте маңызды бөлігі болып саналады. Бас жоспарға сәйкес, 2050 жылға қарай қала халқының саны екі миллионнан асып кетуі әбден ықтимал. Мұндай өсім инженерлік желімен қатар әлеуметтік инфрақұрылымға қаржы салуға дайын. Алатау қаласын дамыту жөніндегі кеңес және қала Әкімшілігі инвестицияны қайтарудың әдіс-тәсілдері мен мерзімдері айқындалған нақты ережелер әзірлеуге тиіс. Бұл құжатта өзара жүктеме әділ бөлініп, барлық сын-кәтерлер ескерілуі керек», — деді Президент.

Сонымен бірге қаланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету де бірінші қатардағы мәселе екенін атап өткен Президент. Алатаудың бас жоспарындағы Golden District ауданы болашақта халықаралық білім және ғылым орталығына, тартымды туристік кластерге айналып, миллиондаған туристі қабылдауға дайын болуы керек екенін тапсырды.

Сондай-ақ Қапшағай су қоймасындағы демалыс аймағында жыл бойы демалатындай жағдай жасау қажет екенін атады. Су қоймасының жағалауындағы бей-берекет құрылысты доғарып, барлық жұмыс рет-ретімен, бас жоспарға сай жүргізілуі тиіс.

«Қонақүйлер мен мейрамханалардан бастап, демалыс саябақтарына дейін барлық нысандардың сырт келбетіне баса назар аударған жөн. Олардың саулеті, яғни архитектуралық стилі көрікті және бірыңғай болуға тиіс. Түптеп келгенде, қала инфрақұрылымы туризмнің қарқынды, сапалы дамуына жол ашуы керек. Осылайша, түскен қаражатты осы аймақтың игілігіне жұмсауға болады», — деді Президент.

Өз сөзінде Мемлекет басшысы Алатау қаласы төңірегінде ғана емес, тұтас елде атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды. Әсіресе, әлеуметтік салаға ерекше назар аударды. Президенттің айтуынша, соңғы үш жылда елімізде 746 мың оқушыға арналған 600-ге жуық мектеп салынған. Оның үштен бірі — «Келешек мектептері». Сондай-ақ 813 денсаулық сақтау нысаны және 307 спорт нысаны ашылды.

«Менің тапсырмаммен Семей, Тараз, Кентау, Орал, Атырау қалаларында заманауи оңалту орталықтары жұмыс істей басталды. Қазіргі уақытта осындай орталықтар Ақтөбе, Көкшетау, Талдықорған, Шымкент шаһарларында салынып жатыр. Әлеуметтік нысандар, соның ішінде балаларға арналған оңалту орталықтары барлық аймақта қолжетімді болуға тиіс. Осындай нысандар еліміздің аймақтарында әлі жеткілікті емес. Соның салдарынан жұрт Астана мен Алматыға көптеп қоныс аударуда. Бұл — иммиграцияның теріс сипаттағы үдерісі. Барлық әкімдер осы шаруамен тиянақты айналысуы керек. Президент Әкімшілігі бұл жұмысты қадағалайды», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

#### АЛАМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ ДАМИДЫ

Президент жетінші міндет ретінде Алматы агломерациясын дамытуды тапсырды. Ал Алатау қаласының Алматыға іргелес орналасуы зор мүмкіндіктерге жол ашады. Әсіресе, сауда-экономика және көлік-логистика саласындағы байланыстарды едәуір кеңейтуге болады.

«Сондықтан тағы да атап өткім келеді: Алатау қаласында, ең алдымен, бизнес

жүргізуге қолайлы жағдай жасау керек. Жана кәсіпорындар ашылса, мұнда жұрт та көбірек келіп, тұрақтай бастайды. Бұл үрдіс Алматыға жұмыс бабымен күнделікті келіп-кететін халықтың санын азайтады.

«Күн сайын Алматыға облыстан 400 мыңға жуық автокөлік кіріп шығады. Алматы агломерациясындағы көлік қатынасын күшейту қажет. Соның ішінде жылдамдығы жоғары қоғамдық көлік жүйесін белсенді дамыту керек. Осыған орай, Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдеріне «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, биыл бірінші тамызға дейін Skytrain желісін салу мәселесін пысықтауды тапсырамын. Бұл желі қаланың шекарасынан шығысқа және батысқа қарай тартылуға тиіс.

Сондай-ақ Алатау мен Алматы қалаларын жалғайтын жүрдек қоғамдық көлік жүйесін дамыту мәселесін пысықтау қажет. Жана шаһардың Үлкен Алматы айналма автокөлік жолының бойында орналасуы және Алатау қаласын Қорғаспен қосатын теміржол тармағының жоспарлануы келешекте Алматы агломерациясының ауқымын кеңейте түседі. Яғни, ауқымды облыстық кластер пайда болады. Алматы SkyHub заманауи мульти-модальді логистика орталығы өңірдегі маңызды жобалардың бірі болмақ», — деді Президент.

#### ҚАЛАЛАРДЫ КӨРКЕЙТУ КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

Сонымен бірге Қасым-Жомарт Тоқаев барлық қаланы көркейту жұмысы кешенді түрде жүргізілуі керек екенін айтты. Арнайы басқару режимін енгізу, инвестицияны қорғау және қажетті инфрақұрылымды дамыту ісін бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайтынын ескертті.

«Бұл бағыттардың бәрі өте маңызды. Мысалы, бастапқы инфрақұрылым болмаса, инвестиция қорғалмаса, халықаралық инвесторлар мұнда келмейді. Бұл — айқын нәрсе. Арнаулы құқықтық режим болмаса, инновациялық тәсілдерді енгізе алмаймыз.

Шын мәнінде, Алатау city жобасын жүзеге асыру — тұрмыс сапасы және іскерлік ортасы ең жоғары әлемдік талаптарға сай келетін озық қала салу деген сөз. Бұл — мемлекеттік маңызды зор міндет, еліміз үшін стратегиялық мәні бар жұмыс. Сондықтан біз тыңғылықты, зиянақты, сапалы жұмыс істеуіміз керек. Құр қағаз жүзіндегі есептің еш қажеті жоқ. Бәрімізге керекті — бір-ақ нәрсе: бұл — нақты нәтиже. Қажетті жағдайдың бәрі жасалып жатыр. Тиісті құқықтық негіз бар, ресурс та жеткілікті. Енді барлығы алдағы міндеттердің уақытылы әрі сапалы орындалуына тікелей байланысты болады. Әрбір бағыт бойынша жеке жауапкершілік жүктеледі», — деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Президент жана Конституцияның мән-маңызына тоқталды. Наурыз айында конституциялық реформаны табысты жүзеге асырылғанын айта келе, жаңа Ата заң жүктейтін бірқатар міндетті атады.

«Конституция — мемлекеттіміздің мызғымас тірегі, халқымыздың темірқазығы. Еліміздің Бас құжатында азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру, заңға құрмет, табиғатқа жанашырлық, шынайы отаншылдық, еңбекқорлық, білім-ғылым және жоғары технологиялар қағидаттары айқын көрініс тапты. Сондай-ақ Конституцияда еліміздің, жеріміздің тұтастығын, Егемендігін және Тәуелсіздігін қорғау әр азаматтың қасиетті борышы деп жазылды.

Осы орайда, әрине нағыз отаншыл азаматтың озық үлгісін, ең алдымен мемлекеттік қызметшілер көрсетуі керек. Бұл — ел мүддесі үшін еңбек етіп жүрген әрбір қызметшінің кәсіптік парызы. Лауазымды тұлғалар, күштік құрылымдар мен басқа да билік өкілдері Конституцияға үнемі сілтеме жасауы керек. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында адамдар өмірде болсын, кинода болсын, Конституцияны аузынан тастамайды. Біз де осындай құқықтық мәдениет қалыптастыруымыз қажет. Бұл ең алдымен ұлттық болмысымызға оң әсер етеді», — деді Президент.

Әрі Ата заңның адами құндылықтар мен заң нормаларының жиынтығы ғана емес, ел дамуының қозғаушы күші болуға тиіс екенін атады. Мемлекет пен қоғам арасында шынайы серіктестік орнап, белсенді, жанашыр азаматтар ұлттың жасампаз күшіне айналуы қажет.

«Бүгінде қолданыстағы заңнамаларды Конституция талаптарына сай өзгерту жұмысы жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта Құрылтай сайлауы өтеді. Халық кеңесі құрылады. Қазір Парламент «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға түзетулер енгізуде. Бұл өзгерістер күшіне енген соң мәслихаттардың ықпалы артады. Аймақтағы депутаттар бюджетті бөлуге тікелей араласатын болады. Соның нәтижесінде облыстар мен қалалардағы жергілікті өкілді биліктің бақылау тетіктері күшейеді. Бұл маңызды қадам аймақтардың дербестігін арттыра түседі.

Бәріңізге мәлім, биыл Қонаев қаласына облыс орталығы мәртебесі берілгеніне 4 жыл толады. Шаһарда ауқымды жұмыс істеліп жатыр. Қала біртіндеп әкімшілік, туристік және іскерлік орталық ретінде қалыптасуда. Бұл — әкім Марат Сұлтанғазиевтің еңбегі. Жалпы, Алматы облысының өсіп-өркендеуі үшін барлық мүмкіндік бар. Өңірге инвесторлар назар аудару бастады», — деген Президент жиын соңында бір топ азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Ардақ СҰЛТАН

# ТЫҢ БАСТАМАЛАРҒА ҰЛАСҚАН ТАРИХИ САПАР



(Басы 1-бетте)

— Біз Орталық Азия мен Қазақстанның әлемде геосаяси тұрғыдан маңызды рөл атқаратынын білеміз. Қазақстан Еуропа Одағының стратегиялық серіктесі саналады. Кипр — Еуропа Одағына мүше мемлекет ретінде қазақстандық инвесторлар мен компаниялар үшін еуропалық нарыққа шығатын сенімді қақпа. Біз Еуропа Одағы стандарттарына толығымен сай келетін нақты іскерлік ортаны ұсынамыз. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, финтех, инвестициялық қорлар, кеме қатынасы, туризм, білім беру, жанарғылатын энергия және инфрақұрылым екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына айнала алады. Бүгін «Астана» халықаралық қаржы орталығына баруды жоспарлап отырмын. Аталған орталықпен әріптестікті, әсіресе қаржы қызметтері мен «жасыл» қаржыландыру салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтуде зор әлеует бар», — деді Кипр Президенті.

Мемлекет басшысы нәтижелі экономикалық күн тәртібіне қол жеткізу үшін үкіметтер күшін үйлестіру маңызды деп санайды. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Экономикалық ынтымақтастықтың 2028 жылға дейінгі жол картасын әзірлеуді ұсынды. Президент Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия мен Іскерлік кеңес құру, сондай-ақ сауда делегацияларымен тұрақты алмасу жөнінде бастама көтерді.

Тараптар сауда, инвестиция, көлік-логистика, цифрлық коммуникация, жасанды интеллект және қаржы салаларындағы ықпалдастықты нығайту перспективасын талқылады. Сонымен қатар мәдениет, білім, спорт және туризм бағыттарындағы байланысты кеңейту мүмкіндігіне назар аударды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Кипр Республикасының Президенті Никос Христуодулидес жүргізген келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекеттер басшыларының қатысуымен ресми делегациялар мүшелері келесі ведомствоаралық құжаттармен алмасты.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Кипр Президенті Никос Христуодулидесі І дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кипр Президентінің Қазақстанға алғашқы тарихи сапары екіжақты ынтымақтастықты дамытудың маңызды кезеңі саналатынын атап өтіп, Никос Христуодулидестің елдеріміз арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалады.

— Мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты нығайтуды көздеген ниетіміз үшін Сізге шынайы ризашылығымды білдіруге рұқсат етіміз. Қазақстандықтар Сізді айнымас дос әрі халықаралық деңгейдегі белді мемлекеттік қайраткер ретінде таниды. Белсенді қызметіңіздің арқасында өзара сенім, саяси диалог және ынтымақтастығымыз нығая түсті. Ортақ күш-жігер арқылы қарым-қатынасымыздың серпін беріп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашамыз деп сенемін. Қазақстан мен Кипр арасындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан елеулі үлесіңізге шексіз құрметтің белгісі ретінде Сізге І дәрежелі «Достық» орденін табыстау жөнінде шешім қабылдадым. Бұл орден атауы айтып тұрғандай, достықты, Қазақстан мен Сіздің еліңіздің арасындағы қарым-қатынастың негізі саналатын сенім мен серіктестік рухын сипаттайды. Жауапты мемлекеттік қызметіңізге табыс тілеймін! Достас Кипр халқының игілігі мен өркендеуі жолында жетістіктерге жете беріңіз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кипр Президенті жоғары наградаға табыстағаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты.

#### КӨРІ ҚҰРЛЫҚТАҒЫ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Осыдан соң Қазақстан мен Кипр президенттері келіссөздер қорытындысы бойынша БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

Мемлекет басшысы Кипр Республикасын еліміздің Еуропадағы сенімді әрі маңызды серіктестерінің бірі деп атады.

— Екі ел арасындағы саяси диалог жыл өткен сайын күшейіп тұсауде. Қадірлі Христуодулидес мырза осыдан 7 жыл бұрын Кипрдің Сыртқы істер министрі ретінде Астанаға арнайы келген болатын. Сол кезде ол Кипр Қазақстанның Еуропа Одағындағы мүддесін ілгерілетуге әрдайым дайын екенін айтқан еді. Содан бері көп жұмыс атқарылды. Екі мемлекеттің елшіліктері ашылды. Осылайша, өзара қарым-қатынасымыз жолға қойылды. Қадірлі Президент мырзаның Астанаға тұңғыш сапары екі ел арасындағы алғашқы тікелей әуе рейсінің ашылуымен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның да символдық мәні зор», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, мемлекеттеріміз ықпалдастықты одан әрі бекемдей түсуге ниетті. Бұл — тараптар мүддесіне сай.

— Кипр Республикасының басшысы осы оң үрдіске зор үлес қосып келеді. Мен мұны жоғары бағалаймын. Сол себепті бүгін Жоғары мәртебелі Президент Никос Христуодулидес мырзаға І дәрежелі «Достық» орденін тапсырдым. Бұл награда — қазақ елінің Сізге және бүкіл Кипр Республикасының халқына деген ерекше құрметінің, шынайы ілтипатының белгісі. Құтты болсын! Елдеріміздің өзара серіктестігі нығая береді деп сенемін», — деді Мемлекет басшысы.

Президенттер мазмұнды келіссөз жүргізіп, ықпалдастықты күшейтудің тың бағыттары туралы әңгімелескен.

— Өзара сауда-саттық көлемін арттыруға ерекше назар аудардық. Тауар айналымын ұлғайту, инвестициялық қарым-

қатынасты дамыту және іскер топтардың байланысын одан әрі нығайту қажет екенін атап өттік. Бұл — маңызды міндет. Мен Қазақстан — Кипр экономикалық ынтымақтастығының жол картасын әзірлеуді ұсындым. Сондай-ақ Үкіметаралық комиссия және Іскерлік кеңес құру жөніндегі бастамалар көтерілді. Бұл қадам бірлескен жобаларды іске асырып, өзара алыс-берісті арттыруға және бизнес үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сонымен қатар біз логистика, қаржы, туризм, цифрлық технологиялар саласындағы өзара байланыстарымыздың келешегі зор деп санаймыз. Үкіметтерімізге осы бағыттар бойынша нақты шаралар қабылдау жөнінде тапсырма беруге уағдаластық», — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев кипрлік серіктестерді Транскаспий дәлізі жобасына атсалысуға шақырғанын жеткізді.

— Өздеріңіз жақсы білесіздер, Кипр әлемдік деңгейдегі теңіз хабы саналады. Орта дәліз аясында Қазақстанның құрлықтағы және Кипрдің теңіздегі инфрақұрылымын тиімді ұштастыруға мүмкіндік зор. Бұл қадам Орталық Азия аймағы, Каспий аймағы және Жерорта теңізі арасында жаңа көпсалалы логистика жүйесін қалыптастыруға жол ашады. Сондай-ақ өзара алыс-берісімізді ұлғайтуға мүмкіндік берді», — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазір елімізде Кипр капиталының қатысуымен 400-ден астам компания жұмыс істеп жатыр. Олардың 30-ға жуығы Астана халықаралық қаржы орталығында тіркелген.

— Осының өзі елдеріміздің іскерлік және инвестициялық байланыстары дәйекті түрде дамып жатқанын көрсетеді. Бүгін елордамызда Қазақстан — Кипр бизнес-форумы өтеді. Маңызды жиында екі елдің іскер топтары қатысады. Кипр кәсіпкерлерінің делегациясы осы форумға арнайы келді. Сол үшін құрметті Президент мырзаға зор ризашылығымызды білдіремін. Қазақстан өз нарығында жұмыс істеуге ниетті Кипр компанияларына қолайлы жағдай жасауға әрқашан дайын. Біз Кипрдің іскер азаматтарын ұзақ мерзімге арналған инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыруға шақырамыз. Жақында елімізде жаңа Конституция қабылданды. Ата заңға сәйкес Қазақстанда меншіктің барлық түріне кепілдік берілді. Бас құжаттымыз инвесторлардың құқығын барынша қорғайды. Бұған қоса, кипрлік әріптестеріміз Қазақстанның Altyn Visa бағдарламасын қолдана алады. Бұл визаны алған кәсіпкерлер мен мамандарға салық және көші-қон мәселесіне қатысты жеңілдіктер ұсынылады», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекеттер басшылары келіссөз барысында цифрлық технологиялар және инновациялар саласындағы ықпалдастыққа ерекше назар аударған.

— Кипр тарапы Қазақстанның eGov жүйесіне және елімізде мемлекеттік қызметтерді цифрландыруға қатысты жобаларына қызығушылық танытып отыр. Біз бұл бағыттағы тәжірибемізді бөлісуге дайынбыз. Сонымен қатар келіссөздер барысында мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға айрықша көңіл бөлдіді. Атап айтқанда, ғалымдар мен ғылыми мекемелер арасындағы қарым-қатынасты күшейтуге, білім беру, спорт және туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға келістік. Жалпы, бүгінгі келіссөздер табысты өтті деуге толық негіз бар. Біз өзара ықпалдастығымызға тын серпін беретін бірқатар маңызды құжатқа қол қойдық. Бұл келісімдер екі мемлекеттің қарым-қатынасын күшейте түседі деп сенемін», — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев келіссөз барысында халықаралық және аймақтық мәселелер де назардан тыс қалмағанын айтты.

— Жаһандық геосаяси ахуалдың ушығуына, қактығыстардың көбеюіне бәріміз алаңдап отырмыз. Әлемдегі көптеген түйткілге қатысты мемлекеттеріміздің ұстанымы — ұқсас. Екі ел де кез келген шиеленіс бейбіт және дипломатиялық жолмен шешілуі керек деген қағидатты қатаң ұстанады. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, басқа да халықаралық ұйымдар аясында тиімді жұмыс істеуге келістік. Бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге белсене атсалысамыз деп уағдаластық. Қазақстанның ұстанымы бойынша барлық елдер Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын, халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарын қатаң сақтауға міндетті. Қазақстан басқа елдердің аумақтық тұтастығын құрметтейді және бүкіл әлем мемлекеттерін осы қағидатқа басымдық беруге шақыруда. Жалпы, екі елдің байланысын бекемдеу — халықтарымыздың ортақ мақсаты. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында өзара тиімді ынтымақтастығымыз жаңа деңгейге көтеріледі деп сенемін. Достығымыз әрдайым берік болсын! Қазақстан мен Кипрдің қарым-қатынасы нығая берсін!» — деді Президент.

Никос Христуодулидестің айтуынша, келіссөздер барысында екі ел басшылары саяси және экономикалық салалардағы қарым-қатынасты одан әрі ілгерілету жолында саяси ерік-жігер танытатындарын растаған.

— Біз барлық деңгейде тұрақты байланыс орнатудың маңызын атап өттік. Өйткені орнықты саяси диалог — сенімді нығайту мен нақты нәтижеге қол жеткізудің негізгі факторы. Осы орайда жоғары білім, ғылыми зерттеу, мәдениет, спорт, инновация, цифрлық басқару және ақпараттық технология секілді маңызды салаларда өзара түсіністік туралы бірқатар меморандумға қол қойылғаны қуанталады. Бұл келісімдер — жай ғана техникалық құжаттар емес, екіжақты байланыстардың әлеуетін құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан жандандыруды көздейтін ортақ шешіміміздің айқын дәлелі», — деді Кипр Президенті.

М.ТӨЛЕУ

4 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ

## БОЧЧАДАН ӘЛЕМ КУБОГЫ БАСТАЛДЫ



Астанада алғаш рет Astana 2026 World Boccia Cup боччадан халықаралық беделді турнир өтіп жатыр. Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде жалауы желбіреген жарыстың салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Бочча федерациясының Президенті Мәулен Әшімбаев қатысты.

Мәулен Әшімбаев салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде сайысқа қатысушыларға ілтипат білдіріп, Қазақстанда инклюзивті қоғам құру Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағдарының маңызды басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ ол Канада, Қытай, Ұлыбритания, Франция, Португалия, Оңтүстік Корея, Бразилия және басқа да мемлекеттердің өкілдері бақ сынайтын халықаралық доданың ауқымы кең екеніне назар аударды. Іс-шарада осындай деңгейдегі жарыстың Қазақстанда өтуі елде паралимпиадалық қозғалысты дамыту және әр азаматқа тен мүмкіндік жасау бағытында атқарылып жатқан жұмыстың нәтижесі екені де айтылды.

— Astana 2026 World Boccia Cup турнирі — Қазақстан Бочча федерациясымен қатар еліміздегі паралимпиадалық қозғалыс үшін де маңызды оқиға. Бүгінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен елімізде параспортты дамытуға және барша азаматқа тен мүмкіндік жасауға ерекше көңіл бөлініп келеді. Параспортшылардың жаттығуына, халықаралық жарыстарға қатысуына және өз әлеуетін толық жүзеге асыруына қажетті жағдай жасалуда. Астанада спорттық, медициналық, оналту және білім беру инфрақұрылымын біріктірген еліміздегі алғашқы бірегей Инклюзивті спорт орталығының ашылуы соның жарқын көрінісі. Мемлекет басшысының тапсырмасымен елордадағы бұл тәжірибе Қазақстанның басқа өңірлерінде де кезек-кезегінен іске асырылады, — деп, Мәулен Әшімбаев Халықаралық бочча федерациясына және турнирдің Қазақстанда өтуіне атсалысқан серіктестерге алғыс білдірді.

Бочча Қазақстанда жай ғана спорт емес. Ол бүгінде мыңдаған мүмкіндігі шектеулі азамат пен олардың отбасылары үшін әлеуметтік интеграция мен оқалудың маңызды тетігіне айналды. Осы ретте боччадан Қазақстан ұлттық құрамасында қазір елуге жуық параспортшы өнер көрсететінін атап өткен жөн. Жарыстың ашылу рәсімінде кейінгі жылдары Қазақстан Бочча федерациясы жаттықтырушылар, параатлеттер, олардың ата-аналары, сондай-ақ еріктілермен бірге бұл спортты дамыту бағытында ауқымды жұмыс атқарғанына да мән берілді.

— Бочча — ерекше спорт түрі. Ол ерік-жігер мен асқар рух, табандылық пен қайсар мінез арқылы кез келген қиындықты еңсеруге болатынын дәріптейді. Бүгін жарыс алаңына шығатын әр спортшы — батылдықтың, төзімділіктің және өзіне деген сенімнің жарқын үлгісін көрсетіп отыр. Астанада Әлем кубогы үшін жарыстың өтуі Қазақстан боччанан одан әрі дамуына тың серпін беретіні анық, — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар боччаны заманауи өнер арқылы кеңінен насихаттау мәселесіне де ерекше көңіл бөлінді. Бұл ретте көрменнің ықпалына бөленіп, шетелдік әріптестердің жоғары бағасына ие болған «Ерекше» көркем фильмі әңгімеге арқау болды.

Айта кетейік, Astana 2026 World Boccia Cup халықаралық турнирі 2026 жылғы 1-9 маусым аралығында өтеді. Әлем кубогының бұл кезеңі ресми рейтингті жарыстар жүйесіндегі бәсеке және алдағы Лос-Анджелес Паралимпиадасына жолдама беретін маңызды іріктеу кезеңдерінің бірі саналады.

Өз алаңымызда өтетін дүбірлі долада Қазақстан намысын 10 спортшы қорғайды. Олардың үшеуі — қозғалыс мүмкіндігі аса шектеулі ВС3 санатындағы спортшылар. Олар арнайы рампалар арқылы допты бағыттап, жарыс барысында ассистенттердің көмегіне сүйенеді. Жарыстар жеке, жұптық және командалық сындар бойынша өткізіледі.

Қазақстанның параспортшыларды даярлау және оқу-жаттығу жиындарын өткізу үшін Португалиядан тәжірибелі бапкер Роберто Матеуш шақырылғанын да атап өткен жөн. Мамандар құрамына қосылған жаттықтырушы халықаралық жарыс қарсаңында командалық тактикалық және тактикалық дайындығын жетілдіруге басымдық беріп, тиісті жұмыс жүргізді. Жалпы, аталған турнир Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің және серіктестердің қолдауымен ұйымдастырылды.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Халықаралық бочча федерациясының президенті Джон Морганмен кездесті. Тараптар паралимпиадалық спорттың қазіргі ахуалы мен оны одан әрі дамыту перспективаларын, Қазақстанда бочча спортының кеңінен насихаттау мәселелерін, осы бағыттағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту жолдарын, сондай-ақ спортшылар мен жаттықтырушыларды ірі халықаралық жарыстарға даярлау ісін қолдау тетіктерін талқылады.

Өз кезегінде Джон Морган Қазақстанның халықаралық серіктестікке ашық әрі сындарлы ұстанымына жоғары баға беріп, халықаралық федерация инклюзивті қоғам құруға бағытталған бірлескен бастамаларды қолдауға дайын екенін тілге тиек етті.

## РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар Кеден кодексіне енгізілетін түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы заңды екі оқылымда қабылдады. Екінші оқылымда бірқатар құжат, соның ішінде нотариустар мен психологтардың қызметін реттейтін заңдар қабылданды. Бұған қоса, балара шаруашылығы мәселелері жөніндегі түзетулер де енгізілді.

Мәжіліс «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға байланысты рақымшылық жасау туралы» заңды ілеспе түзетулердің екі пакетімен бірге екі оқылымда қабылдады. Құжаттарға Мемлекет басшысының тиісті тапсырмасын орындау мақсатымен Парламент депутаттары бастамашы болды. Заң жобасын әріптестеріне Мәжіліс депутаты, бастама авторларының бірі Абзал Құспан таныстырды.

— Бұл — қателік жіберген, бірақ өкініп, өз мінез-құлқымен түзелу жолына түскенін дәлелдеген адамдарға қатысты мемлекетіміз тарапынан көрсетілген кезекті ізгілік актісінің көрінісі. Алдағы рақымшылықтың бұған дейінгілерден ерекшелігі — елімізде тұңғыш рет қылмыстық рақымшылықпен қатар әкімшілік рақымшылық та жүргізіліп отыр, — деді депутат.

Абзал Құспанның айтуынша, қылмыстық рақымшылық шеңберінде қылмыстық істерді, соның ішінде соттардың қарауындағы істерді тоқтату және жазалану босату көзделіп отыр. Бұл шаралар қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстар, сондай-ақ зиян келтіруге әкеп соқпаған немесе келтірілген зиянды толық өтеген орташа ауыр қылмыстар жасаған адамдарға ғана қолданылады. Бұдан бөлек, орташа ауыр қылмыстар үшін жазаның өтпеген мерзімінің 1/2 бөлігін, ауыр қылмыстар үшін және аса ауыр қылмыстар үшін сотталғандардың жазасын залалды өтеуге байланысты саралап қысқарту жоспарлануда.

Рақымшылық аса қауіпті қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық, террористік және экстремистік қылмыстар, көмектегі толғағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар, азап көрсету, қайталанған қылмыс (рецидив), қоғамға қауіп жоғары деңгейдегі қылмыстар, жақында криминализацияланған (эркектер қатарына жатқызылған) іс-әрекеттер рақымшылық аясына кірмейді. Сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айырылғандар мен сырттай сотталғандар да рақымшылық шеңберінен тыс қалады.

Бұл ретте, Абзал Құспан рақымшылық жасау туралы түпкілікті шешімді әрбір сотталғанды қатысты сот жеке-жеке қабылдайтынын атап өтті. Соттар салған айыппұлдарға, сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құқықбұзушылар үшін салынған айыппұлдарға әкімшілік рақымшылық таралмайды. Оның аясына Қазақстан азаматы болып табылатын жеке тұлғалар, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар мен заң консультанттары ілігеді.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Қайрат Балабаев ілеспе түзетулерде рақымшылық жасау актісі қолданылған жағдайда атқарушылық іс жүргізуді тоқтату қарастырылғанын айтты. Бұл нормалар азаматтарға сот орындаушысына жүгінбестен мүлктен аса ауыр шаруашылығының шектеу шараларын алып тастауға мүмкіндік береді, сондай-ақ атқарушылық санкцияларды төлеу және жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу қосымша шығыстардан босатады.

Талқылау барысында депутаттар рақымшылыққа ілігі мүмкін азаматтардың саны, есептен шығарылуға жататын әкімшілік айыппұлдардың жалпы көлемі, сондай-ақ рақымшылық таралатын адамдар ең көп болады деп болжанып отырған құқықбұзушылық санаттары туралы сұрады. Әкімшілік айыппұлдарды есептен шығару тәртібі, соның ішінде азаматтарды олардың күшін жою туралы хабарлар ету тетігі, сот орындаушыларының шығындарын өтеу көздері туралы мәселелер көтерілді. Сонымен қатар ауыр дене жаракатына соқтырған жол-көлік оқиғаларын аса ауыр қылмыстар санатына жатқызу туралы ұсыныстар айтылды.

Мәжіліс «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Бұл құжат ұлттық заңнаманы Еуразиялық эко-



номикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартына енгізілетін түзетулерге сәйкес келтіруге бағытталған. Заң жобасын депутаттарға Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы Азамат Әмрин таныстырды.

Түзетулер аясында электрондық сауда тауарларын жеке санатқа бөлу ұсынылып отыр. Сонымен қатар электрондық сауда операторларының қызметіне құқықтық база жасалады. Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Әділ Жұбановтың айтуынша, олардың функцияларына жеке тұлғалардың интернет алаңдарда жеке тұлғалардың тауар сатып алу операциясының логистикасын кешенді түрде қамтамасыз ету, сондай-ақ электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялау және сақтау мәселелері бойынша интернет алаңдармен және кеден органдарымен өзара іс-әрекетті жүзеге асыру кіреді.

Осылайша, қабылданған заңның арқасында халық үшін кедендік рәсімдер жеңілдетіліп, электрондық сауда тауарлары импорттың толық әрі шынайы статистикасы мен құрылымы қалыптасады. Траншекаралық электрондық сауда саласы ретке келіп, нарықтың ашықтығы артады.

Заң жобасының ережелерімен танысқаннан кейін депутаттар баяндамашы мен уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдеріне бірқатар сұрақ қойды. Атап айтқанда, тауарды қайтару тәртібіне, электрондық сауда операторының сатушы мен сатып алушы арасындағы делдал ретінде жауапкершілігіне, төленген кедендік баж сомасын қайтару мүмкіндігіне назар аударды. Бұдан бөлек, депутаттар электрондық сауда операторларының ақпараттық жүйелерінің қорғау деңгейіне және мүмкіндігі шектеулі жандардың электрондық коммерция саласына толыққанды қатысуы үшін қажетті жағдай жасауға қатысты мәселелерді көтерді.

Жалпы отырыста Мәжіліс депутаттары бастамашы болған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы мәселелері жөніндегі заң да қабылданды. Мәжіліс депутаты, бастама авторларының бірі Ислам Сұңқардың айтуынша, ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар балара шаруашылығының тұрақты дамуына жағдай жасауға, аралардың генетикалық қорын сақтауға, ара шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ селекциалық асылдандыру жұмысын жетілдіруге бағытталған.

— Омарталар мен олардың жай-күйін жүйелі есепке алу, емдеу-профилактикалық шараларды уақытылы жүргізу, ара ауруларының таралуын болдырмау мақсатымен «омартаның ветеринариялық паспорты» енгізіледі. Ара өсірушілер арасында дау-дамай туындамауы үшін және бал жинау қорын тиімді пайдалану мақсатымен заң жобасында тұрақты және көпшілігі омарталарды бір-бірінен кемінде бес шақырым қашықта орналастыру нормасы көзделген. Балалардың тұқымын сақтау және өнімділігін арттыру үшін оқшауланған шағылтыру пункттерінің қызметіне қойылатын талаптар белгіленді, — деді Ислам Сұңқар.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Еркебұлан Мәмбетовтің айтуынша, «бал» ұғымы заңнамалық түрде нақтылау арқылы ара шаруашылығындағы жалған өнімдер айналымын шектеуге және тұтынушылардың

басқаруға берудің нормалары қабылданды. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу, олардың орындалуын мониторингілеу және бағалау қағидалары айқындалды.

Түзетулердің жеке блогы үш жасқа дейінгі денсаулығында ауытқу бар балаларды анықтау мен қолдауға, ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың интеграцияланған модулін енгізуге, арнайы білім беру ұйымдарын лицензиялауға бағытталған.

Бұдан бөлек, Мәжіліс екінші оқылымда «Топырақты қорғау туралы» заң мен ілеспе түзетулерін қабылдады. Құжатты Мәжіліс депутаттары топырақты тиімді басқарудың, оның құнарлылығын қорғаудың, сақтаудың және арттырудың құқықтық негізін жасау мақсатында әзірледі. Ұсынылған нормаларды әріптестеріне Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Нұржан Әшімбетов таныстырды.

Заң қабылданғаннан кейін шаруа қожалықтары жер телімдерінің шекарасы мен өлшемдерін ғана емес, сонымен қатар сапалық деректерін де көрсете отырып, төлқұжатын (паспорт) рәсімдейтін болады. Алдағы уақытта мемлекет те, шаруалар да топырақ жағдайына жүйелі түрде талдау жасап, деректерді бірінғай базаға енгізіп отырады. Бұдан бөлек, топырақ құнарын толықтыруға тікелей байланысты ғылыми негізделген әдістер мен ұтымды технологияларды міндетті түрде қолдану қарастырылады. Бұған қоса, жердің құнарлы қабатын алу және жылжытуға байланысты нормалар күшейтіліп, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беру бойынша электрондық конкурстар өткізуге қатысты түзетулер енгізілді.

Сондай-ақ заң жобасы Қазақстанда тіркелмеген және тек оларды пайдалануға рұқсат етілген елдерге экспорттауға арналған пестицид өндіруге, сондай-ақ цифрлық фитосанитариялық сертификатты енгізуге қатысты нормалармен толықтырылды. Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Мұқаш Ескендіровтің айтуынша, қосымша қабылданған норма шеңберінде кірістердің бір бөлігі аудандық маңызды бар қалалар, ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер деңгейіне беріледі (бюджеттің төртінші деңгейі). Оларға заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығы, тіркелген жері бойынша қызметтің жекелеген түрлері үшін лицензиялық алымдар, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы айыппұлдар мен басқа да өндіріп алулар жатады. Мұнай секторынан түсетін түсім оған жатпайды.

Бұдан бөлек, заң аясында «Дипломнен — ауылға!» бағдарламасына қатысушылардың тізімі кеңейіп, оған цифрлық технологиялар және архив ісі саласының мамандары қосылды. Басқа да түзетулер мемлекеттік емес субъектілердің сот-сараптама қызметіне қатысуын жүйелеуге, мемлекеттік міндеттемелерді орындай отырып, ЕРС+F құралын қолдану аясын кеңейтуге бағытталған.

Бұған қоса, екінші оқылымда Мәжіліс депутаттары бастамашы болған «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» заң ілеспе түзетулерімен қабылданды. Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Дүйсенбай Тұрғанов атап өткендей, ұсынылып отырған түзетулердің ең маңызды нәтижесі — радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму жөніндегі жекелеген операцияларды реттеудің радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің тұтас жүйесін кешенді реттеуге көшу.

Депутаттар атом энергиясын пайдалану объектілерінің ерекшелігін, ықтимал қауіп деңгейін, қауіпсіздік талаптарын және осы саладағы халықаралық тәсілдерді ескере отырып, тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау режимін енгізу және оны жүзеге асыру тәртібін заңнамалық тұрғыдан бекітетін түзетулер енгізді.

Бұдан бөлек, «ядролық мұра объектілері», «Атом электр станциясының ұлттық операторы» ұғымдары енгізіліп, өзге де нормалар қарастырылған.

Сонымен қатар Мәжілістің Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері арасындағы екі елдің кеден қызметтерінің өкілдерінің ашу туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыс қорытындысы бойынша депутаттар мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша 18 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығы Мәжілістің ресми сайтында және Telegram-каналында жарияланды.

# BIR TOLQYNDА – МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Тараз қаласындағы Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті алаңында «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты Бір Толқында жобасы аясында диалогтық кездесу ұйымдастырды. Ашық пікір алмасу алаңында Жамбыл облысындағы барлық қала мен ауданнан келген студенттер, жас мамандар, волонтерлер және қоғам белсенділері бас қосты.

Іс-шараға Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Мұқаш Ескендіров пен Әбүтәліп Мутәлі, «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов, сондай-ақ Жастар жобалары және талдау басқармасының жетекшісі Жансая Қуанышбекова қатысты.

Кездесудің негізгі тақырыбы – жастардың дамуына арналған мүмкіндіктер мен мемлекеттік қолдау тетіктері. Ашық диалог барысында қатысушылар білім сапасы, жұмыспен қамту, жастар кәсіпкерлігін дамыту, тұрғын үймен қамтамасыз ету, волонтерлік бастамаларды қолдау және цифрлық технологияларды түрлі салаға енгізу мәселелерін талқылады.

Кездесуді ашқан Мұқаш Ескендіров бүгінде елімізде бәсекеге қабілетті маман даярлауға қажет жағдай жасалып жатқанын атап өтті.

– Бүгінде елімізде түрлі салада білікті мамандарға сұраныс өте жоғары. Сондықтан жастар қауымы мамандық таңдау кезінде қателеспей маньзды. Әрбір жас азамат өз қабілетіне сай дұрыс бағыт таңдап, сапалы білім алуға ұмтылуы керек.

Себебі ата-аналардың бала болашағына салған инвестициясы ертең өз нәтижесін беруге тиіс. Ал сол нәтиже – елге қызмет ететін білімді әрі білікті маманның қалыптасуы. Бүгінде өндірістік және техникалық салаларда жастарға көп мүмкіндік бар. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, еліміздің дамуына үлес қосу қажет, – деді Мұқаш Ескендіров.

Жеке және кәсіби даму тақырыбын жалғастырған Әбүтәліп Мутәлі өз тәжірибесін бөлісіп, жастарды заманауи технологиялар ұсынып отырған мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалануға шақырды.

– Біздің студенттік шағымызда мәлімет табу үшін кітапханаға барып, материалдармен ұзақ уақыт жұмыс істеуге тура келетін еді. Ал бүгінде барлық ақпарат қолжетімді. Интернет арқылы әлемдік деңгейде білім алуға болады. Сондықтан қазіргі жастар қауымы уақытты тиімді пайдаланып, үнемі дамып отыруы маңызды. Мемлекет жастарға үлкен қолдау көрсетіп келеді. Енді осы мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланып, еліміздің өркендеуіне қызмет ету қажет, – деді Әбүтәліп Мутәлі.



Өз кезегінде, қоғам белсенділері мен түрлі сала өкілдері азаматтық белсенділіктің, бастамашылдықтың және үздіксіз дамуға деген ұмтылыстың маңызын атап өтіп, жетістікке жету жолындағы тәжірибесін ортаға салды.

Кездесу соңында Жансая Қуанышбекова қоғамдық бастамаларды дамытуға үлес қосқан өңірдегі белсенді жастарға алғысхат табыстады.

Бір Толқында жобасы – жастар қауымының «AMANAT» партиясы өкілдерімен тікелей диалог орнатуына мүмкіндік беретін тиімді алаң. Жоба тың идеяларды ілгерілетуге, жастар бастамасын қолдауға және жас азаматтарды еліміздің қоғамдық өміріне тартуға ықпал етуде.

дерімен тікелей диалог орнатуына мүмкіндік беретін тиімді алаң. Жоба тың идеяларды ілгерілетуге, жастар бастамасын қолдауға және жас азаматтарды еліміздің қоғамдық өміріне тартуға ықпал етуде.

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМУЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Мәжіліс қабырғасында «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасы қаралуда. Осы орайда Тараз қаласында «AMANAT» партиясы жанындағы Әйелдер қанаты мен Жамбыл облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Психология NEXT: жасанды интеллект дәуіріндегі адам психикасы» атты өңірлік психологтар конгресі өтті.



Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Айжан Есмағамбетова, «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов, жоғары оқу орындарының ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, денсаулық сақтау және құқық қорғау саласының мамандары қатысты.

Айта кеткен жөн, бұған дейін «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Карина «Психологиялық қызметті құру және оның жұмысын дамыту» мәселесі туралы тың бастама көтеріп, нәтижесінде елімізде кәсіби психологиялық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам жасалды. Бұл ретте, Мәжіліс қабырғасында қаралып жатқан «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасы ел азаматтары мен кәсіби психологтардың мүддесін қорғауға, саланы дамытуға сенімді серпін беретіні анық.

Осылайша, Тараз қаласында өткен конгресс жұмысы аясында «Балалар мен жастар психологиясы: жана сын-қатерлер», «Отбасы психологиясы және қоғам тұрақтылығы», «Эмоционалды саулық – ұлттық даму алғышарты» тақырыптарында панельдік сессиялар ұйымдастырылды. Онда балалар мен жастардың психологиялық жағдайы, отбасы институтын нығайту, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, эмоционалды интеллектіні дамыту және әлеуметтік желілердің адам психикасына әсері секілді өзекті мәселелер кеңінен талқыланды.

Пленарлық отырыста психологиялық денсаулықтың қоғам тұрақтылығындағы ролі, психологиялық қызметтің даму перспективалары, стресс-менеджмент, ұлттық психологияның ерекшеліктері, жастар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және әйелдердің эмоционалды иммунитетін қалыптастыру мәселелері бойынша баяндамалар жасалды.



Жиында сөз сөйлеген «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов партия жанындағы Әйелдер қанатының негізгі басым бағыттарының бірі психологиялық қызмет институтын дамыту екенін атап өтті.



– Психологиялық денсаулық мәселесі отбасы институтын нығайту, ана мен баланы қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жастарға қолдау көрсету және қоғамдық келісімді сақтау ісімен тікелей байланысты. Осы бағытта Әйелдер қанаты жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Тараз қаласында ұйымдастырылған OPEN DAY ашық есік күні аясында тәжірибелі психологтар тұрғындарға тегін кеңес берді. Сонымен қатар тұрғындардың психологиялық және құқықтық сауатын арттыру мақсатында тұрақты түрде профилактикалық кездесулер өткізіліп келеді, – деді ол.

Конгреске арнайы қатысқан Шығыс Еуропа елдері бойынша Дүниежүзілік психиатриялық қауымдастықтың өкілі Николай Негай қоғамда психологиялық көмек көрсету қызметін заман талабына сай жетілдірудің маңызына тоқталды.

– Бүгінде адам психологиясы өзгеруде. Сондықтан психологиялық көмек көрсету тәсілдері де заманауи болуға тиіс. Технологиялардың дамуы маңызды болғанымен, олар адам факторын алмастыра алмайды. Біз технологиямен қатар өзіміз де дамып, қоғам сұранысына бейімделуіміз қажет, – деді Николай Негай.

Сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық ғылыми-практикалық психикалық денсаулық орталығының психологиялық зертхана меңгерушісі Жұлдызай Алиева психологиялық қызметтің даму бағыттары, жастар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және ұлттық психологияның тәрбиелік маңызы жөнінде баяндама жасады.

Конгресс қорытындысында панельдік сессияларда көтерілген ұсыныстар негізінде арнайы резолюция қабылданды. Құжатта психолог мамандардың мәртебесін арттыру, білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті күшейту, балалар мен жастардың психологиялық денсаулығын қорғау, отбасы институтын нығайту және қоғамдағы эмоционалды мәдениетті қалыптастыру бағытындағы нақты ұсыныстар қамтылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталған бастамаларды жүзеге асыру мақсатында алда тиісті мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс лайықты жалғасын табады.

Ақмола облысы Красный Яр ауылында балалардың заманауи жағдайда спортпен шұғылдану туралы арманы орындалды. Мұнда «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Жол картасы аясында заманауи «Қызыл Жар» дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды.

## КРАСНЫЙ ЯРДА ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ



Кешен «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы басым жобалар тізіміне енгізіліп, 2026 жылы пайдалануға берілді. Өз кезегінде, депутаттар мен партия өкілдері жобаның жүзеге асырылу барысын, құрылыс жұмысының сапасы мен мерзімі сақталуын тұрақты бақылауда ұстады.

Бұл кешен өңірдегі ең ірі спорт нысандарының бірі саналады. Мұнда күн сайын 200-ден астам бала бокс, джиу-житсу және күрес түрлерімен шұғылданады. Балалар арасында, әсіресе жазу спортна деген қызығушылық жоғары. Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде әртүрлі жас санатына арналған екі бассейн жабдықталды. Оларға ай сайын «Спорт KZ 2025» ЖШС-ның 1500-ден астам тәрбиеленушісі келеді.

Сонымен қатар спорт нысаны тек білім беру емес, маңызды әлеуметтік қызметті де атқарады. Жексенбі күндері Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған тегін жүзу сабақтары өткізіледі. Бассейндерге өңірдің барша тұрғыны бара алады. Кешен аумағында футбол алаңы, сондай-ақ футбол және волейболмен айналысуға арналған спорт алаңдары бар.

– Бұл – ауыл тұрғындарына қажет барлық жағдайды қамтамасыз ететін, өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуға және өңірде бұқаралық спортты дамытуға ықпал ететін бірегей спорт нысаны, – деді «AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалының төрағасы Берген Беспалинов.

Ал Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Алтын Мұстафинова-

ның айтуынша, ауылдық жерлердегі спорт инфрақұрылымын дамыту қадамы дарынды жастар үшін жана мүмкіндіктерге жол ашды.

– Көрнекті спортшылар мен Олимпиада чемпиондары көп жағдайда ауылдық елді мекендерден шығады. Сондықтан ауылда спортпен айналысуға арналған заманауи жағдай жасау – балаларымыздың және тұтас өңірдің болашағына салынған маңызды инвестиция, – деді депутат.

«Қызыл Жар» дене шынықтыру-сауықтыру кешені – «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асырудың және міндеттемелердің орындалуына тиімді қоғамдық бақылау жүргізудің жарқын мысалы. Бүгінде Ақмола облысында Жол картасына енгізілген 135 іс-шараның 120-сы сәтті орындалып, бұл көрсеткіш 85 пайызды құрап отыр.

Білім беру саласында да айтарлықтай оң өзгерістер байқалуда. Өңірде 19 жана мектеп ашылды, олардың тоғызы заманауи стандарттарға сай салынды. Апатты жағдайдағы төрт мектептің орнына жана ғимараттар бой көтерді. Сонымен қатар тағы 100 мектепте күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді.

Білім беру инфрақұрылымын дамытумен қатар, денсаулық сақтау саласында да ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде 650 орындық көпбейінді облыстық аурухананың құрылыс жұмысы жүргізілуде. Нысанды 2027 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр. Заманауи медициналық кешен Ақмола облысының тұрғындарына ғана емес, көршілес өңірлердегі азаматтарға да жоғары білікті медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

4 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ

# ӘУЕ ХАБЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазақстан соңғы жылдары өзін Еуропа мен Азияны жалғайтын маңызды көлік дәлізі ретінде танытуға ұмтылып келеді. Транскаспий бағытының дамуы, теміржол және автокөлік логистикасына салынған инвестициялар, жаңа әуежайлар мен жүк терминалдарының құрылысы осы мақсатқа қызмет етеді. Алайда авиация саласында көпшілік назар аудару бермейтін тағы бір маңызды мәселе бар. Ол – авиациялық жанармай өндірісі мен инфрақұрылымының болашағы.

Кез келген халықаралық әуе хабының табысы тек ұшу-қону жолағының ұзындығымен немесе терминалдың заманауи келбетімен өлшенбейді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ірі әуе компаниялары мен жүк тасымалдаушылары үшін отынмен қамтамасыз ету жүйесі шешуші факторлардың бірі саналады. Сондықтан Қазақстандағы авиациялық жанармай нарығында болып жатқан өзгерістерді елдің транзиттік әлеуетінен бөлек қарастыру мүмкін емес.

## АВИАОТЫН ӨНДІРІСІ ҰЛҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Авиациялық отын нарығындағы өзгерістердің ауқымын ресми көрсеткіштердің өзі аңғартады. Қазақстанда былтырғы жылдың қорытындысы бойынша шамамен 770 мың тоннаға жуық авиациялық отын өндірілген. Әуе тасымалына сұраныстың артуын ескерген Үкімет пен сала қатысушылары өндіріс көлемін кезек-кезегінен ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Қолданыстағы жоспарларға сәйкес, 2032 жылға қарай елімізде авиация отын өндірісі екі еседен астам өсіп, 1,5 миллион тоннаға жетуі тиіс. Бұл ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, халықаралық рейстер мен транзиттік тасымалдардың өсуіне де негіз қалайды.

Авиация саласындағы сарапшылар өндіріс көлемінің артуы тек энергетикалық қауіпсіздік мәселесі емес екенін айтады. Өйткені авиациялық отын әуе тасымалы экономикасының маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Кейбір бағыттарда оның үлесі билет құнының 30 пайызына дейін жетеді. Сондықтан отынмен қамтамасыз ету жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігі бүкіл саланың бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді.

Дегенмен өндірісті арттырудың өзі жеткіліксіз. Әлемдік авиация қарқынды өзгеріп жатқан жағдайда Қазақстан үшін өндіріс көлемімен қатар қолданылатын отын түрлерін әртарапандыру мәселесі де өзекті бола бастады.

## НЕГЕ ОТЫН ТҮРЛЕРІН ӘРТАРАПАНДЫРУ ҚАЖЕТ?

Қазақстанда ұзақ жыл бойы авиациялық отынның ТС-1 және РТ маркалары қолданылып келді. Бұл өнімдер кенестік кезеңнен бері пайдаланылып келе жатқан стандарттарға негізделген. Алайда халықаралық авиация нарығы бүгінде басқа талаптармен жұмыс істейді.

Қазір әлемдегі көптеген авиация компаниялары Jet A-1 стандартындағы отынды пайдаланады. Ол халықаралық нарықта кеңінен мойындалған және әртүрлі мемлекеттегі әуежайларда бірдей стандарт бойынша қолданылады. Бұл әуе компанияларына операциялық шығындарды азайтуға және қызмет көрсетудің бірыңғай талаптарына сүйенуге мүмкіндік береді.

КМГ-Аэро мамандарының айтуынша, халықаралық нарыққа кірігу үшін Қазақстан да біртіндеп осындай стандарттарға бейімделуі қажет. Әңгіме авиациялық отын нарығын әртарапандыру, халықаралық ойыншылар үшін қолайлы жағдай қалыптастыру және жаһандық үрдістерге бейімделу туралы болып отыр.

Бұдан бөлек, әлемдік авиация бүгінде тағы бір маңызды өзгерістің алдында тұр. Көптеген мемлекет көміртек шығарындыларын азайтуға бағытталған саясат жүргізіп, тұрақты авиациялық отын – SAF өндірісін дамытуға кірісті. Сарапшылардың пікірінше, алдағы онжылдықтарда дәл осы бағыт авиация саласының негізгі трендтерінің біріне айналады.

Қазақстан да бұл үрдістен шет қалмайды. Соңғы жылдары SAF өндірісі бойынша халықаралық әріптестермен келіссөздер жүргізіліп, технологиялық мүмкіндіктер зерттелуде. Сол себепті авиацияның әртүрлі түрін, соның ішінде экологиялық таза SAF отынның қатар қолдану елдегі авиация нарығын алдағы міндеттерге әзірлеуге жол ашады.

## ТРАНЗИТТІК НАРЫҚТЫҢ ТАЛАБЫ ӨЗГЕРІП ЖАТЫР

Отын түрлерін әртарапандыру мәселесі Қазақстанның транзиттік әлеуетімен тікелей байланысты. Себебі халықаралық авиация компаниялары жаңа бағыт таңдағанда, тек географиялық орналасуға емес, қызмет көрсету стандарттарына, отынның қолжетімділігіне және инфрақұрылым сапасына да назар аударады.

Соңғы жылдары Қазақстан арқылы өтетін жүк және жолаушы ағандарының артуы да осы нарықтың әлеуетін көрсетіп отыр. Мәселен, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық әуе компаниялары 15 миллион жолаушы тасымалдаса, отандық әуежайлар 32 миллион жолаушыға қызмет көрсетті. Сонымен қатар 173 мың тонна жүк өнділіп, көрсеткіш бір жыл ішінде 1,4 пайызға өсті. Ал биылғы жылдың алғашқы төрт айында ғана әуе көлемімен 4 миллионнан астам жолаушы тасымалданған. Бұл Қазақстанның халықаралық әуе тасымалы нарығындағы маңызы артып келе жатқанын және транзиттік хаб ретінде әлеуеті күшейіп отырғанын көрсетеді. Әлемдегі ең ірі карго әуе компанияларының бірі саналатын Cargolux Қазақстан бағытына қызығушылық танытып отырғаны сөзімізге дәлел.

Бұл жаңалық тек жаңа рейстердің ашылуымен шектелмейді. Әлемдік карго операторлары бағыт таңдағанда ең алдымен логистикаға, жанармаймен қамтамасыз ету мүмкіндігіне және операциялық шығындарға назар аударады. Яғни Cargolux секілді компаниялардың қызығушылығы Қазақстанның географиялық орналасуына ғана емес, авиациялық инфрақұрылымының сапасына да байланысты.

Әрине, бір компанияның келуі бүкіл нарықтың өзгерісін білдірмейді. Бірақ бұл халықаралық ойыншылардың Қазақстанды барған сайын байыпты нарық деп тани бастағанының белгісі. Ал мұндай қызығушылықты тұрақты үрдіске айналдыру үшін инфрақұрылым халықаралық талаптарға сай болуы қажет.

## НЕГІЗГІ БӘСЕКЕ АЛАНЫ – ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Халықаралық авиациядағы үлкен бәсеке көбіне аспанда емес, жерде жүреді. Сарапшылардың айтуынша, бүгінде әуежайлардың арасындағы айырмашылық терминалдардың сәулетімен емес, операциялық тиімділігімен анықталады.

Авиацияның қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі инфрақұрылым көбіне көзге көрінбейді. Әңгіме жанармай құю кешендері, резервуарлық паркертер, сүзгілеу жүйелері, зертханалар мен цифрлық бақылау орталықтары туралы болып отыр.

Қазақстандағы авиациялық жанармай нарығының маңызды ойыншыларының бірі саналатын КМГ-Аэро соңғы жылдары инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған бірқатар жобаны жүзеге асырып келеді. Компанияның қатысуымен Ақтөбе, Түркістан және басқа да өңірлердегі авиациялық отын сақтау және жеткізу жүйелерін дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Бұл жобалардың басты мақсаты – әуежайлардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін арттыру, жанармаймен қамтамасыз ету жүйесінің сенімділігін күшейту және халықаралық стандарттағы отынды пайдалануға жағдай жасау. Сарапшылардың пікірінше, мұндай бастамалар Қазақстанның өңірлік авиациялық хаб ретіндегі әлеуетін нығайтуға ықпал етеді.

Соңғы жылдары Қазақстанда авиациялық инфрақұрылымды дамытуға қатысты көзқарас та өзгеріп келеді. Бұрын көптеген әуежай жанармай бизнесін өздері жүргізуге ұмтылса, қазір әлемдік тәжірибеде маманданған операторлар моделінің тиімділігі дәлелденді. Бұл қызмет сапасын арттыруға, бәсекеңі күшейтуге және авиация компаниялар үшін неғұрлым ашық әрі болжамды жағдай қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Демек, Қазақстан Еуразиядағы маңызды авиациялық орталықтардың біріне айналу үшін жаңа терминалдар салу жеткіліксіз. Егер жоспарланған жаңғырту толық жүзеге асса, бұл тек авиациялық инфрақұрылымның жанаруы емес, елдің транзиттік экономикасының жаңа кезеңге өтуіне жол ашуы мүмкін.

## ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА БАСЫМДЫҚ БАР

Шымкент қаласында әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру және ерекше күтімді қажет ететін азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Мемлекет басшысының әлеуметтік саясаттағы басым міндеттерінің бірі қоғамның осал топтарына жан-жақты қолдау көрсету болса, бұл бағыттағы бастамалар бүгінде мегаполисте нақты нәтижесін беруде.



## Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Қалада әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және оңалту салаларын дамытуға айрықша көңіл бөлініп отыр. Соның айқын дәлелінің бірі – Президент тапсырмасына сәйкес салынып жатқан 150 орындық заманауи оңалту орталығы. Бұл нысан ерекше қажеттілігі бар азаматтарға сапалы қызмет көрсетуді жана деңгейге көтеруге бағытталған маңызды әлеуметтік жоба саналады. 2024 жылдың желтоқсан айында басталған құрылыс жұмыстары бүгінде қарқынды жүргізілуде. Бозарық шағынауданында бой көтеріп жатқан кешеннің жалпы аумағы – 5,3 гектар. Бес блоктан тұратын орталық халықаралық талаптарға сай заманауи құрал-жабдықтармен қамтылатын болады.

Жоба аясында I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтарға жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Бұл – ерекше күтімді қажет ететін жандардың өмір сапасын жақсартуға, олардың қоғамға бейімделуіне және белсенді өмір сүруіне мүмкіндік беретін маңызды бастама. Орталық құрамында спорт залы, емдік-сауықтыру бассейні, акт залы, үш қабатты оңалту корпусы, кең асхана, екі қабатты стационар және қосымша техникалық нысандар қарастырылған. Яғни мұнда келушілердің толыққанды ем қабылдап, әлеуметтік және психологиялық қолдау алуына барлық жағдай жасалмақ. Қазір құрылыс жұмыстарының 60 пайызы аяқталған. Нысанда 262 жұмысшы еңбек етуде. Барлық жұмыс белгіленген талаптар мен сапа стандарттарына сәйкес жүргізіліп жатыр. Жобаны 2026 жылдың желтоқсан айында толық аяқтап, пайдалануға беру жоспарланған.

Мегаполисте тек ересектерге емес, ерекше балаларды оңалту мәселесіне де айрықша назар аударылууда. Бүгінде қаладағы медициналық ұйымдарда балаларға арналған оңалту қызметтерінің сапасы едәуір артып, заманауи емдеу тәсілдері кеңінен енгізілуде. Шымкент қалалық Денсаулық сақтау

басқармасына қарасты медициналық ұйымдарда жыл басынан бері 3 500-ге жуық бала оңалту емінен өткен. Мамандардың мәліметінше, көрсетілген медициналық көмектің нәтижесінде он динамика жоғарылап, ем қабылдаған балалардың 99,3 пайызының денсаулығы жақсарған.

Қаладағы №1, №2 және «Мейірім» оңалту орталықтарында церебральды сал ауруының спастикалық түрін емдеуде ботулотоксин терапиясы – «Диспорт» препараты сәтті қолданылып келеді. Бұрын ата-аналар мұндай емді алу үшін Астана мен Алматы қалаларына баруға мәжбүр болса, бүгінде қажетті қызметтер Шымкенттің өзінде қолжетімді бола түскен. Бұл өңірдегі медициналық инфрақұрылымның сапалы дамып келе жатқанын көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Сонымен қатар қалада №1 және №2 оңалту орталықтары, «Мейірім» орталығы, «Камкорлық» орталығы, Психикалық денсаулық орталығы және мемлекеттік тапсырыс аясында қызмет көрсететін жекеменшік орталықтар да тұрақты жұмыс істейді.

Оңалту қызметтері неврология, ортопедия-травматология және кардиология бағыттары бойынша ұйымдастырылған. Атап айтқанда, 2 273 бала тәуліктік стационарда, 1 179 бала амбулаториялық деңгейде ем қабылдаған. Ал неврологиялық бағыт бойынша – 2 405, ортопедия-травматология бойынша – 775, церебральды сал диагнозымен 492 бала оңалтудан өткен. Әсіресе, ерекше күтімді қажет ететін балаларды қолдау бағытындағы жұмыстардың нәтижесі көңіл қуантады. Тек төрт айдың ішінде оңалту емін алған 2074 бала немесе 60,1 пайызы ерекше балалар санатына жатады. Бұл олардың қоғам өміріне бейімделуіне, денсаулығын жақсартуға және өмір сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың нақты жемісі.

Қоғамның өркениеттілігі әлсіз топтарға көрсетілген қамқорлықпен өлшенеді. Ал Шымкентте қолға алынған әлеуметтік бастамалар бұл бағыттағы жұмыстардың жана деңгейге көтерілгенін байқатады.

## ТЕҢ ҚОҒАМҒА ҚАДАМ


Қоғамның шынайы дамуы оның экономикалық көрсеткіштерімен ғана емес, әрбір азаматына қандай мүмкіндік бере алатынымен өлшенеді. Әсіресе, ерекше қажеттілігі бар жандардың қоғам өміріне толыққанды араласуы – өркениетті мемлекеттің басты белгілерінің бірі. Соңғы жылдары Қарағанды облысында мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру және кәсіпке бейімдеу бағытындағы жұмыстар жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Бұл – тек әлеуметтік қолдау емес, адамның өзіне деген сенімін қайтаруға бағытталған маңызды қадам.

## Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Бүгінде өңірде еңбекке қабілетті мыңдаған ерекше қажеттілігі бар азамат бар. Олардың бір бөлігі түрлі мемлекеттік бағдарлама арқылы тұрақты жұмысқа орналасып, енді бірі жаңа мамандық менгеріп, кәсіп бастап отыр. Облыстық Еңбек мобильділігі орталығының мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бері мансап орталықтарына мыңға жуық азамат жүнген. Соның нәтижесінде жүздеген адам тұрақты жұмыспен қамтылып, тағы бірқатары квоталық жұмыс орындары арқылы еңбек нарығына тартылған.

Қазіргі қоғамда «қолжетімді орта» ұғымы тек пандус немесе арнайы инфрақұрылыммен шектелмейді. Ең бастысы – адамға өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуге мүмкіндік беру. Осы тұрғыда арнайы жұмыс орындарын ашу бағдарламасының маңызы зор. Әсіресе көру, есту қабілеті бұзылған және тірек-қимыл аппараты зақымданған азаматтарға бейімделген жұмыс орындары олардың кәсіби ортаға еркін араласуына жол ашып отыр.

Мемлекет тарапынан жұмыс берушілерге де нақты қолдау көрсетіледі. Арнайы жұмыс орынын жабдықтауға кеткен шығын өтелеп, қызметкер жалақысының бір бөлігі бірнеше жыл бойы субсидияланады. Соның нәтижесінде кәсіпкерлер арасында ерекше қажеттілігі бар азаматтарды жұмысқа қабылдауға деген қызығушылық артып келеді. Бұл – қоғамдағы көзқарастың



өзгеріп келе жатқанын аңғартатын маңызды белгі.

Осындай мүмкіндіктің игілігін көргендердің бірі – қарағандылық Данагүл Аманбаева. Көру қабілеті бойынша II топтағы мүгедектігі бар Данагүл бұған дейін медицина саласында еңбек еткен. Алайда денсаулығына байланысты жұмысын тоқтатуға мәжбүр болады. Біраз уақыттан кейін Мансап орталығына жүгініп, қайтадан өзінің сүйікті кәсібін оралған.

Бүгінде ол Қарағанды қаласындағы массаж салондарының бірінде қызмет етеді. Арнайы бағдарлама аясында оның жұмыс орны қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етілген. Данагүлдің айтуынша, адамға ең алдымен сенім қажет. – Медициналық білімім бар. Сонымен қатар массаждың бірнеше бағыты бойынша сертификат алдым. Әрдайым осы саладан күл үзігім келмейтін. Қазір өзімді қайта тапқандаймын, – дейді ол.

Бұл сөздің астарында тек мамандыққа оралу емес, өмірге қайта бейімделудің үлкен тарихы жатыр. Себебі жұмыс – тек табыс көзі емес, адамның қоғамдағы орнын сезінуіне мүмкіндік беретін маңызды фактор.

Кәсіпкер Мақпал Шаріпова да ерекше қажеттілігі бар мамандардың еңбекке деген жауапкершілігін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, мұндай қызметкерлер өз ісіне тынғылықты қарайды және кәсіби дамуға ұмтылады.

– Бізде Мансап орталығы арқылы келген екі қызметкер бар. Қазір оларды оқытып, кәсіби тұрғыда дамытып жатырмыз. Арнайы осындай азаматтарды жұмысқа қабылдадым. Себебі олардың қоғамға бейімделіп, тұрақты табыс табуына мүмкіндік бергім келді, – дейді кәсіпкер.

Мемлекеттік қолдаудың тағы бір маңызды бағыты – қайтарымсыз гранттар арқылы шағын кәсіп ашуға мүмкіндік беру. Бұл бағыт көптеген азаматтың өз кәсібін бастауына жол ашты. Солардың бірі – Теміржан Медетбеков.



Бұрын Балқаш тау-кен металлургия комбинатында еңбек еткен ол денсаулығына байланысты жұмысын тоқтатуға мәжбүр болған. Кейін Қарағандыға қоныс аударып, түрлі салада өзін сынап көргенімен, тұрақты жұмыс істеу оңай болмаған. Алайда өмірдің басқа бағыты оны жаңа кәсіпке алып келеді.

– Біраз уақыт жұмыссыз жүрдім. Кейін жұбайым маникюр ісін үйіреніп жүрген кезде маған да байқап көруді ұсынды. Біртіндеп қызығушылығым оянып, кейін бұл кәсіпке толық келдім, – дейді Теміржан.

Қайтарымсыз гранттың көмегімен отбасы қажетті құрал-жабдық сатып алып, қазір жеке маникюр кабинетін ашқан. Бұдан бөлек, балалар киімі мен ойыншықтарына арналған шағын дүкен де жұмыс істеп тұр. Бұл – мемлекеттік қолдау адамның өмірін нақты өзгерте алатынының айқын мысалы.

Мамандардың айтуынша, мұндай оқиғалар қоғамдағы стереотиптердің өзгеруіне ықпал етеді. Ерекше қажеттілігі бар азаматтар қолдауға ғана мұқтаж емес, оларға мүмкіндік қажет. Ал мүмкіндік берілген жерде нәтиже де болады.

Қарағанды облысында бүгінде «Қоғамдық жұмыстар», «Жастар практикасы», «Күміс жас», «Алтын жас» секілді бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар жаңа мамандық менгергісі келетін азаматтарға тегін кәсіби оқыту курстары ұсынылады. Бұл бастаманың барлығы адамдардың еңбек нарығына бейімделуіне және экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған.

Биыл өңірде тағы бірнеше арнайы жұмыс орынын ашу жоспарланған. Қазірдің өзінде бірқатар азамат еңбекке орналасып үлгерген. Олардың арасында көру және есту қабілеті бұзылған жандар бар.

Еңбек мобильділігі орталығы директорының орынбасары Дәурен Қошқаралиевтің айтуынша, ерекше қажеттілігі бар азаматтарды жұмыспен қамту мәселесі тұрақты бақылауда.

– Біздің мақсат – мүгедектігі бар азаматтардың жаңа мамандық менгеруіне, жұмыс табуына және өз кәсібін бастауына жан-жақты қолдау көрсету. Ең бастысы – олардың қоғам өміріне толыққанды араласуына жағдай жасау, – дейді ол.

Шын мәнінде, тек қоғам дегеніміз – баршаға бірдей мүмкіндік берілген орта. Ерекше қажеттілігі бар жандардың еңбекке араласуы – тек әлеуметтік мәселе емес, адам капиталына салынған инвестиция. Себебі қоғам ешкімді шеттетпеген кезде ғана дамиды. Ал мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау шаралары – сол тек мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыруға жасалған нақты қадамдардың бірі.

## 4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

4 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ



Ерсеулан ДҮЙСЕБӨЛІАТ (сөзінше)

Мемлекеттік рәміздер – қазақтың өзіндік болмысын айқындайтын қасиетті нышаны. Рәміз – тарих, рәміз – мәдениет, рәміз – ұлттың мінез-құлқымен біте қайнасқан мәлімет жиынтығы, рәміз – ата-бабамыздың өр рухын, салт-санасын, даралығы мен даналығын, үкілеген үміті мен арман-тілегін өн бойына сыйдырған символ. Елтаңба мен Әнұранның ел өміріндегі орны қандай маңызды болса, мемлекеттік Тудың жөні тіптен бөлек. Өйткені Ту – басқа рәміздерге қарағанда, ең көп қолданылатын, халықаралық аренада, бірінші кезекте, алға шығатын, халықтың рухын, жігерін жанып, намысын қайратын, бір идеяның төңірегіне топтастыратын құндылық.

Қазақстанның аспан түстес көк туында алтын күнмен астанан алып қыран қанат көрген. Осы бір терең мағыналы нышанда кешегі тарихымыз, бүгінгі биігіміз, ертеңгі ерен істеріміз түгел тоғысқан. «Төбемізді бүлт шалмасын, мәртебеміз заңғар көкке шарықтасын» деген асыл мұратымыз тұғыры берік тудың бетінде бейнеленген. Халқымыз үшін көкке көтерілген жалау – қасиетті белгі. Мемлекеттік ту – көркемсурет топтамасы ғана емес, ұлт тұтастығының кепілі, азаттықтың анық айғағы. Қазақтың мызғымас та мұқалмас ерлік дәстүрі фасырлар қойнауына жетелейді. Түркілік түсінікте

## КӨК АСПАННЫҢ БІР ҚҰЛАШЫН КӨТЕРІП...

байрақ аса кастерлі атрибут болған. Осы орайда «ту тігу», «ту байлау», «байрақ көтеру», «тубегі», «байрақшы», «ту жығу» сияқты ұғымдар қалыптасқан. Ертеде «ту тігілді» деген хабар құлағына тиген бетте бес қаруын сайлап атқа қонған көшпенділер тез арада сол тудың түбінен табылған. Оңдық, жүздік, мыңдық, түменге бөлінген алаш жасағы мидай араласқан қым-қуыт шайқаста өз жауынгерін жалаулы найзасынан ажыратқан. Ал «тудың жығылуы» қазақы санада жаман ырым саналатын. Ауыспалы мәнде бұл сөз адамның «сағы сыну», «рухы түсу» деген мағынаны мензеген. Ұлы Абай күш-қайраты толысқан, жалынды жас шағында дүние салған інісі Оспанды: «Жайнаған туың жығылмай, Жаксы өлісің, япырмай!» – деп егіле жоктаған.

Атақты Сүйінбай сүйлей: «Бөрі басы – ұраным, Бөрілі менің байрағым. Бөрілі байрақ көтерсе, Қозып кетер қайдағым!» – деп жырлаған. Мұндағы ақынның «қайдағысын» қайнаған намысы деп қабылдау керек. Одан беріде Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Алаш туы астында Күн сөнбесе сонбейміз!» – деп ұрандатты. Азаттық жолындағы арпалыста ерлеріміз елдіктің туы еңкеймесін деп шыбын жанын құрбан еткен. Ақсақалдар жас өренге «туын жығылмасын» деп

бата беретін. Ежелде ту көтерген батырды сұлатып, байрақты құлату – майдандасқан екі тараптың да мақсат-нысанасы еді. Мәселен, халық аузында Мұрын Қазымбет батыр туралы «Ту түбінде тулап өлген Қазымбет» дейтін астары қалып аңыз айтылады. Шешуші ұрыстардың бірінде жан-жағынан қылыш шабылып, сүңгі сұғылып жатса да, тубегі бахадүр қасық қаны қалғанша қасарысып, қолындағы байрақтан айырылмайды. Денеге түскен жаралан әбден әлсіреген қаһарман ат үстінде туға сүйеніп, тікeden-тік отырған күйінде жан тапсырыпты.

Содан бері күндер сынаптай сырғып, апталар бұлақтай жылжып, айлар бұлттай аунап, жылдар желдей есіп, ғасырды-ғасырға жалғап, жанарған қоғам, жаһанданған заманға аяқ бастық. Бабалардың «қайдағысын қоздырған» бөрілі байрақ тарихи жәдігерге айналды. Қазір көк туымыз көкке өрлеп, көңілі өсіреді. Жалпы, геральдика дәстүрінде әр түс нақты бір нышанды білдіреді. Мысалы, аспанкөк түс адам бойындағы адалдық, тазалық, сенімділік, мінсіздік тәрізді қасиеттерді түспалдайды. Күн байлық пен молшылықты бейнелейді. Сондықтан байрақтағы күн шапағы бақуаттылық символы – алтын масақ түлінде кескінделген. Мемлекеттік рәміздегі күн суреті еліміздің жалпыадамзаттық құндылықтарға бас иетінін де дәлелдейді. Қыран бейнесі әдетте биліктің, қырағылықтың, мәрттіктің белгісі ретінде қабылданады. Күн астында қалықтаған бүркіт Қазақстанның күш-қуатын, тәуелсіздігін, асқақ армандарға деген ұметілісін танытады.

Жыртқыш құс көшпенділер пәлсапасында өрлік, ерлік, еркіндік сынды ұғымдармен ұштасады. Тудың сабына таман тігінен нақышталған ұлттық өрнектер қазақтың байырғы дүниетанымын аңғартады. Сан алуан пішіндердің үйлесіміне құрылған оюлар халықтың көркемдік талғамын көрсетіп, ішкі әлемін әйгілейді.

Көк байрақтың әдемілігі сондай, ол әлемдік аренада көп жұлдыздың ішіндегі шолпан секілді көзге оттай басылады. Жерлестеріміздің барлық жеңісі мен жетістігі мемлекеттік рәміздермен тығыз байланысты. Мемлекеттік ту Президент резиденциясының, Парламенттің, Үкіметтің, министрліктердің, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы сот пен жергілікті соттардың, елшіліктердің, шетелдегі тұрақты өкілдіктердің, басқа да ресми мекемелердің ғимаратында, көлік құралдарында ылғи ілініп тұрады. Еліміздегі ең басты байрақ Астанадағы «Атамекен» этно-мемориалдық кешенінде орналасқан. Биіктігі 100 метрден асатын тұтқыр 2009 жылы Астана күнін мерекелеу аясында ашылды. Ондағы тудың жалпы ауданы – 450 шаршы метр, ені – 15, ұзындығы – 30 метр. Мұнымен қалай мақтанбаймыз, бұған қалай шаттанбаймыз!

1992 жылдың 4 маусымында Қазақстан Республикасының рәміздері қабылданғалы көк бай-

рақтың қадірі артып, абыройы асқақтаған үстіне асқақтай түсті. Қазақ баласының туға деген құрметі алабөтен. Себебі мемлекеттік Ту – ұлттық бірегейліктің тірегі, әр азаматтың жол нұсқайтын бағдаршамы. Халықаралық долада спортшыларымыз атой салғанда, барша қазақ өз елінде тақымын қысып отырады. Туды жауапкершілікте деген орасан. Өңдандар оны көргенде, артындағы елдің аманатын түйсінеді, кара орман жұртының сенімін сезінеді. Санлақтар әлемдік жайласта жеңіс тұғырына көтеріліп, аспан түстес сайлауды желбіреткенде, көздер боталап, көңілдер босайды. Әнұран әуелеген сәттегі әсерді айтып жеткізуге ешқандай көркем сөз көмектеспейді.

Мемлекеттік рәміздер – егемендіктің бірден-бір дәйегі. Демек, оны кенінен қолданып, қастерлеп, мазмұнына бойлау өте маңызды. Көк байрақты ұлықтау жұмысы тек 4 маусымда ғана емес, жыл он екі ай жүйелі түрде жүргізілуі керек. Бұрын бұлай істеуге рәміздер туралы заңдағы қайшылықтар бөгет болатын. Мәселен, 2015 жылы астаналық азамат туды балконға Голубкиннің жеңісіне қуанып, Полицейлер әкімшілік хаттама толтырып, 400 мың теңгеді айыппұл кесті. Туды заттай айғақ деп тәркіледі. Геннадий Голубкиннің жеңісіне қуанып, балконнан жалауды желбіреткен елорда тұрғыны бұл шешіммен келіспей, адвокат жалдады. Әлеуметтік желіні #меніңбайрағым #этомойфлаг хэштегімен қарсылық акциясы шарып өтті. Ақыры Жоғарғы соттың ұйғаруымен әкімшілік хаттаманың күші жойылды. Оғаштау оқиғаға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та назар аударып, мемлекеттік рәміздерді пайдалану қағидасын қайта қарауды тапсырды. Содан кейін заң өзгеріп, көк байрақтың көптігіне көзіміз сүйінетін жағдайға жетті.

«Бөрілі байрақ құласа,

Күйремей кеткен жан емен» – деп еді Сүйінбай ақын. Аман қанша, мынадай бейбіт заманда туымыз құламақ түгіл қайта-қайта қорланып жатыр. Арамызда мемлекеттік рәмізді қарапайым ата құрлы сыйламайтын, қолдағы алтынның қадірін білмейтіндер баршылық. Кейде туды тулақ қылып, онымен күл-қоқыс тасу, сахна төрінде көк байраққа тіл тигізу сияқты келенсіз құбылыстар қыла беріп қалады. Тіпті кейде мемлекеттік мекемелердің маңдайшасынан өбден тозаң, өңі қашып, жырымдалып жыртылған туларды да көреміз. Бұқаралық ақпарат құралдары жағмыз жайттарды тілге тиеп, етіп, шулаудай-ақ шулайды. «Ашынғаннан шығайды ашы даусым» дегендей, зиялы қауым да мұндай сорақылыққа көз жұмбауға шақырып, дабыл қағайды. 2022 жылы Президент халық үніне құлақ асып, ендігі жерде заңды қатаңдату керек деп мәлімдеді. Себебі бір тудың астында ғұмыр кешіп, сол туды сыйламау өсетін елдің ісі емес.

Бостандық бізге біреулер ойлағандай өздігінен келген жоқ. Тым қымбатқа түсті. Туымыздың түсі көк болғанымен, оның бойында азаттық жолында жанын қиған миллиондардың қаны бар. Қолымыздағы көк байрақ, атыңнан айналайын, азаттықтың жемісі! Алдымызда шетсіз-шексіз жол жатыр, ұлан асу бел жатыр. Осыдан бір ғасыр бұрын ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «Қияметке шейін қазақ – қазақ болып жасамас» деген екен. Тәуелсіздікпен бірге туымыз да мәңгі тұғырында тұра берсін.

Айдар ДӘУІТҰЛЫ

### МЕРЕЙТОЙ

Асқарбек Кабыкенұлының ғылым жолындағы еңбегіне көз жіберсек, өрісі кең, қарымды ғалым екенін көреміз. Ғалымның күш-жігерін сарп етіп, бал арасының гүл шырынын жинағандай көп ізденіп, арнайы шұғылданып, көп еңбектенген саласы – салыстырмалы педагогика ғылымы. Салыстырмалы педагогика мәселелерін, оқулық жасау теориясын зерттеп, осы салада көптеген оқулық пен монографиялық еңбек жариялады. 30 жылдан аса білім беру жүйесін реформалау, орта білім беру сапасын көтеру проблемаларымен шұғылданып жүр. Ол дамыған елдердің білім беру жүйелері саралап, отандық білім беру жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру саласын реформалау мен дамытудың жана үлгісін ұсынды.

Қазақстанда салыстырмалы педагогика ғылымының негізін салған және оқулық жасау мен бағалау теориясын дамытуға мол үлес қосқан, орта білім беру сапасын көтеру мақсатында іргелі ғылыми-практикалық жұмыстар атқарған бір тұлға бар. Есімі әлемдегі көшбасшы компаративист ғалымдардың қатарында жазылған, ғылыми жетекшілігімен 30 томдық салалық терминологиялық сөздіктер топтамасы жарық көргенін біреу білсе, біреу білмес. Әңгіме Қазақстан мен шетелдердің 15-тен аса академиясы мен ЖОО-ның академигі және құрметті профессоры, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, Абай атындағы ҚазҰПУ зерттеуші-профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Асқарбек Құсайынов жөнінде болып отыр. Айтулы ғалым биыл 75 жасқа толады.



ділік, ұлтжандылық, іскерлік, еңбеккерлік жайында айтпай өту мүмкін емес. Дана халқымыз «Қарапайымдылық – кеменгерліктің көркі» деген ұлы сөзді өзіннің осындай ұлдарына арнап айтқан шығар, бәлкім.

Асқарбек Кабыкенұлы 2005-2012 жылдары Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Педагогика кафедрасының меңгерушісі әрі докторлық диссертациялық кеңес төрағасы болып қызмет атқарды. Мен сол жылдары филология факультетінің леканы қызметін атқаратынымын. Оның әріптестеріне деген құрметі әрдайым ерекше. Жалдыр күліп, жарқылдап сөйлеу, кездескенде тура қалып көңіл бөліп, жағдай сұрасу ол кісіге жарасымды, табиғатына біткен жақсы қасиет дер едім. Сондықтан болар, түсі жылы ағайға жастар тартыла түсіп, төңіректен, маңына үйіріле қалады. Сол кезеңдерде Асқарбек Кабыкенұлының адамгершілік бейнесі, үйлесімді әрекетті ұйымдастыру шеберлігі, сөйлеу мәдениеті, өз ісін жақсы көруі, үлкен сыйластық сезімдерінің куәгері болдым.

Ғылымға келушілерге биік талап қоя білу, ғылыми жаналықтардың халық мүддесіне пайдаланылуына аса көрегендікпен қарастыру – нағыз ғалым адамның ғана бойында болатын ерекше құнды қасиет. Осы қасиеттер ұлағатты ұстаз, педагогика ғылымындағы көрнекті тұлға, академик Асқарбек Құсайыновтың болмысынан табылады.

Кезінде: Қалдырмаса даналар хатқа жазып, Кім айырар өкпенді ақ, кара ғып, – деп Жүсіп Баласағұн жазғандай, А.Құсайынов елестері – биздің бүгінгіміз үшін де, болашақ үшін де, келер ұрпақтың рухани жаңғыруы үшін де қажетті құнды дүниелер. Кісілік деген не? Ол сіре, ең алдымен – кішілік! Өзінді қандай жағдайда да қарапайым ұстап, жұртшылық арасында емінеркін отырып, әңгіме айта білу, тыңдай білу һәм тыңдата білу. Мен академик Асқарбек Кабыкенұлына қарап, сол кісілік деген өмір формуласының бір белгісін аңғарғандай боламын.

Біз дана ғылым Асқарбек Кабыкенұлы мерейлі жасымен құттықтай отырып, отбасына амандық, ізденістеріне ізгілік, еңбегіне ерен табыстар, шығармашылығына биіктік тілейміз! Ұлттық азамат Асқарбек Кабыкенұлының мәртебесі биік болып, мерейі өсе берсін! Ол кісінің лайықты ізбасарларын көп көре берейік!

Айтул САТБЕКОВА,  
педагогика ғылымының докторы,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры,  
ҚПҒА академигі

## АҒАРТУШЫЛЫҒЫ МЕН ҚАЙРАТКЕРЛІГІ АСТАСҚАН ҒАЛЫМ

Ұлттық ғылым академиясының академигі Көпжасар Нәрібаев «Білім – болашақ негізі» атты Асқарбек Кабыкенұлының еңбегін: «Ел дамуының түпқазығы – тәрбие мен білім сапасы мәселелері толғандыратын, әрбір оқырманға терең ой салатын еңбек» деп жоғары бағалаған еді. Ол «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» атты кітабында білім беру сапасының әлемдік табелін және білім беру сапасының артуына алып келетін жалпы басым бағыттарды анықтау жөніндегі зерттеулер мен талдаулардың нәтижесімен қатар отандық білім беру жүйесінің жағдайына да баға берді.

Ғалымның бір топ еңбегі оқулықтануды жетілдіре түсуге арналған. Мәселен, оқулықтану ғылымына қатысты «Оқулықтану. Өзекті мәселелері» атты алғашқы монографиялық еңбегі 2000 жылы жарық көрді. Ол 2003 жылы Мәскеуде «Просвещение» баспасында «Актуальные проблемы учебно-педагогического» деген атпен басылып шықты. Бұл еңбектер елімізде Оқулықтану ғылымының негізін салды. Академик А.Құсайыновтың «Оқулық жасау және бағалау теориясы» кітабының тұсауымен 2021 жылы өткізіліп, талқыланды. Ұлттық құндылықтарды зерттеуге кең жол ашылып отырған тәуелсіздік заманында бұл зерттеудің үлкен өріске бастайтын бағдарламалық еңбек болғаны сөзсіз.

Академик былай дейді: Қазіргі ғалымдар мен баспагерлердің міндеті ХХ ғасырдың

бірінші ширегінде қазақ зиялылары жариялаған оқу әдебиетінің ұлттық сипаты туралы идеяны заман талабына сай толықтырулар енгізе отырып, өмірге қайта оралтуы болса керек. Оқулықтану ғылымы объективті және субъективті себептерге байланысты елімізде жақсы дамымады. Кеңестік дәуірде қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен басқа оқулықтардың барлығы орталықта жасалды... Сапалы оқулықтар жасау үшін: оқулықтану ғылымын дамыту; теориялық сараптама жүргізу және оқу әдебиетін практикалық апробациядан өткізу үшін критерийлер жүйесін әзірлеу; оқулықтар авторларының біліктілігін көтеру; оқулықтарға теориялық сараптама жүргізу және практикалық апробациядан өткізу үшін сарапшылар дайындау; оқулықтарды сараптау бойынша жұмысты ғылыми негізде ұйымдастыру және олардың қорытындыларын шығару қажет. Әлбетте, ғалымның бұл құнды пікірі күмән тудырмайды.

Асқарбек Кабыкенұлының жетекшілігімен Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының (ҚПҒА) ғалымдары оқулықтарға қойылатын жаңа талаптарды ескере отырып, критерийлер жүйесін жетілдіру жұмыстарын жүргізді. Бұл – өте күрделі әрі ауқымды жұмыс. Осындай жұмыстардың нәтижесінде оқулық жасаудың сапасы мен оның атқаратын қызметтерін жеке-жеке бағалау қажеттігі анықталып, оқулық сапасын 19 бағыт бойынша бағалауға мүмкіндігін беретін 128 критерий жасалған.

Нәтижесінде, «Оқулық сапасын анықтау критерийлері» әдістемелік нұсқаулығы әзірленіп, «Оқу әдебиеттері сапасын көтеру бағытталған әдістемелік ұсыныстар» және «Қазақстандық контентті ескере отырып, базалық оқулық әзірлеу бойынша әдістемелік ұсыныстар» атты еңбектер дайындалып, жарық көрді. Айта кететін жайт, қазіргі уақытта ҚПҒА президенті, академик Асқарбек Құсайыновтың басшылығымен аталған академияның ғалымдары Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Оқулық әзірлеуге қойылатын талаптар және оның сапасын бағалау тәжірибесі» және «Оқулықты сараптауға қойылатын талаптар және оның сапасын бағалау тәжірибесі» оқыту курстарының жұмыс бағдарламалары негізінде авторларға, сарапшыларға, баспа редакторлары мен әдіскерлеріне курстар өткізіп отыр.

А.Құсайынов 31 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша ғылыми салалық терминологиялық сөздіктерін және қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздіктер сериясын шығаруға басшылық етті. Ол – ғылыми еңбектермен бірге мерзімді басылымдарда бала тәрбиесі, білім сапасын көтеру, педагогика ғылымы, ұстаз мәртебесі тақырыптарымен қоса, қалың жұртшылықты терең толғандыратын, өзіндік ашық ой-пікір білдіретін мақалалар авторы.

Академик А.Құсайынов 33 монографияның, 4 оқулық пен 4 оқу құралының,

23 оқу-әдістемелік құралының, 8 кітаптың, 8 Мемлекеттік стандарттың, КСРО 3 өнертабыстық авторлық куәлігінің, 70-ке тарта түсіндірме және терминологиялық сөздіктердің, 200-ден аса ғылыми мақаланың және бұқаралық ақпарат құралдарында сан түрлі тақырыпта жарияланым көрген 200-ге жуық мақаланың авторы.

Белгілі компаративист ғалым Асқарбек Кабыкенұлы өзінің бір сөзінде: «Мен әлемнің озық 20 елінде (Жапония, Оңтүстік Корея, Германия, Франция және т.б. елдер) бастауымыз сыныптарда, яғни 1-6 сыныптарда қанша тіл оқытылатынын зерттедім. Сонда байқағанымыз, осы елдердің ішінде екі тіл 1-сыныптан бастап – 2 елде, 2-сыныптан бастап – 5 елде, 4 және 6-сыныптардан бастап 13 елде оқытылады екен. Бірде-бір елде үш тіл бірдей оқытылмайды. Ал біздің елімізде біраз жылдардан бері бірқатар мектепте үш тіл қатар оқытылып келеді. Нәтижесі қандай? Қазір қалалық жерлерде қазақ балалары бір-бірімен орысша сөйлесетін болды. Тіпті қазақ мектептерінде оқып, қазақ отбасында тәрбиеленетін балалардың өзі орыс тілінде сөйлеседі. Өз ана тілінің ұзын қана ішіп, оны терең меңгеріп, сол тілде ұлттық тәрбие алған баланың бойында ұлттық патриоттық сезім жоғары болады деп ойлаймын», – дейді. Өте орынды айтылған пікір.

Академик Асқарбек Құсайынов туралы сөз қозғағанда оның бойындағы ең ізгі қасиеттер – қарапайымдылық, кішіпейіл-

## 4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

4 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ



# РӘМІЗДЕР – мақұтаншылы



келген ерекше образ байқауда жоғары бағаланып, қыз бала бірінші орын иеленген. Желі қолданушылары шығармашыл ананың еңбегіне тәнті болып, оның қиялы мен табандылығына жоғары баға беруде. Кейбірі бұл жұмысты қайта өңдеу өнерінің жарқын үлгісі деп бағаласа, енді бірі мұндай сыйлықтың бала жадында өмір бойы сақталатынын жазған. Пікір қалдырушылардың бірі: «Анасы жарайды. Қаншама еңбек сіңірген. Бала бұл сәтті өмір бойы ұмытпайды», – деп жазса, енді бірі: «Керемет! Нағыз ісмер екен. Адамның ойына келмейтін дүниелерден әдемі зат жасап шыққан», – деген пікір білдірген. Қарапайым шоколад қаптамаларынан жасалған бұл туынды әлеуметтік желіде кең таралып, аналық мейірім мен шеберліктің үйлескен жарқын үлгісіне айналды.

Шебер ананың жұмысы көпшілікті тәнті етсе, елорда оқушылары да ерекше жобасымен жұрт назарын аударған. Өйткені бұл жобаның патриоттық рухтан туғаны көрініп-ақ тұр. Олар күнделікті тұрмыста пайдаланылатын 397 түрлі түсті 832 пластик қақпақтарды жинап, одан Қазақстанның көлемді картасын құрастырған. Осындай бастамалар жас ұрпақтың бойында елге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Нәтижесінде бүлдіршіндердің бойында туған елге деген құрмет артып, оған тиесілі барлық құндылыққа жауапкершілікпен қарау дағдысы қалыптасады.

## «МЕНИҢ ЕЛІМ – МЕНИҢ ТУЫМ»

Мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында Астанада дәстүрлі «Менің елім – менің Туым» акциясы бастау

алды. Елорда жастарының бастамасымен және қала әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған іс-шара аясында мемлекеттік Ту тұрғын үйлердің қасбеттері мен балқондарына ілінді.

Бұл игі дәстүр соңғы бірнеше жылдан бері үздіксіз жалғасып келеді. Алдыңғы жылдары акция барысында мыңға жуық көк байрақ елордадағы көпқабатты тұрғын үйлердің балқондарына ілініп, қалаға ерекше мерекелік сән берген болатын. Биыл да бастама тұрғындардың қолдауына ие болып, елдік рухты асқатқата түсті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, акцияның негізгі мақсаты – жастар арасында патриоттық құндылықтарды дәріптеу, мемлекеттік рәміздерге деген



құрметті күшейту және қоғамда отансүйіштік сезімді нығайту. Жыл сайын қатысушылар санының артуы бұл бастаманың ел тұрғындары арасында кең қолдау тапқанын көрсетеді.

Мереке қарсаңында көк байрақтың елорда көшелерінде желбіреуі тәуелсіз елдің басты нышандарына деген құрметтің айқын көрінісіне айналды.

## РӘМІЗДЕР АЛАҢЫ

Абай облысының әкімі Берік Уәли Семейдегі Бейбітшілік аралында орналасқан «Өлімнен де күшті» монументі мен оған іргелес аумақты қайта жаңғырту жұмыстарының нәтижесін көрді.

Қайта жаңғырту жұмыстары биылғы 15 сәуірде басталып, 1 маусымда толық аяқталды. Жобаның негізгі мақсаты – тарихи-мәдени нысанның келбетін жаңартып, тұрғындар мен

қала қонақтары үшін қолайлы қоғамдық кеңістік қалыптастыру.

Жоба аясында жалпы көлемі 10 мың шаршы метр аумақтағы тас төсемдері толық жаңартылды. Атап айтқанда, аумаққа заманауи Avers үлгісіндегі тактастар төселді. Сонымен қатар «Өлімнен де күшті» монументі мен Бейбітшілік стелласына қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, ұзындығы 300 метр автоматты суару жүйесі орнатылды. Сондай-ақ сыртқы жарықтандыру тіректері жөнделіп, кабель желілері ауыстырылды. Кешеннің кіреберіс бөлігі қайта жаңартылып, абаттандыру жұмыстары аясында 500 шаршы метрден астам аумаққа гүлзарлар орналастырылды. Қазір осы аумақта Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы аясында Рәміздер алаңының құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр.

Аймақ басшысы жаңа кейіпке енген аумақтарды аралап, атқарылған жұмыстардың сапасына оң баға беріп, нысан қала тұрғындары үшін ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

Бүгін – бізге мемлекеттік рәміздердің маңызын, олардың ұлттық мәдениетіміздің негізі екенін еске салатын күн. Жыл сайын 4 маусымда Рәміздер күні атап өтіліп келеді. Еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы Мемлекеттік рәміздер – көк байрақ, айшықты Елтаңба және асқақ Әнұран мемлекеттің төлқұжаты десек, артық айтпаған болар едік. Олар – ұлтымыздың мұқалмас рухы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін құнды белгілер.

## КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ

Соңғы жылдары әлем жұртшылығы кеңінен пайдаланатын Reddit әлеуметтік платформасында өткен Flags of the World Tournament онлайн байқауында қатысушылар әлем елдерінің ішінен ең әдемі туды анықтады. 64 елдің туы бақ сынаған додада еліміздің көк байрағы ең көркем әрі мазмұнды рәміз ретінде тандалды. Осындай мазмұнды рәмізіміз әлемнің түкпір-түкпірінде ғана емес, биік-биік шыңдарда, тіпті ғарышта да желбіреді: 1994 жылы Талғат Мұсабаев тұңғыш рет ғарышқа апарды. Ал 2011 жылы Оңтүстік полюсті бағындырудың 100 жылдығына орай көк байрақ Антарктидада желбіреді. Сол жылы қазақстандық альпинистер Мақсұт Жұмаев пен Василий Пивцов Туымызды Азиядағы ең күрделі шыңдардың бірі – Чогори шыңына көтерсе, Мақсұт Жұмаев Солтүстік Американың ең биік тауына шығып, Туды Мак-Кинли шыңына апарды. Көк байрағымыз сондай-ақ Ленин шыңы мен жер шарындағы ең биік нүкте – Эверест төбесінде де желбіреді. 2012 жылы қазақстандық альпинист Андрей Гундарев Оңтүстік Американың ең биік жанартау – Охос-дель-Саладоға шығып, Қазақстанның Туын әлемдегі ең биік вулканға тікті.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАҒЫ ПАТРИОТИЗМ

Әлеуметтік желілерде шымыкенттік ананың қызына арнап шоколад қаптамаларынан тіккен ерекше көйлегі көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Instagram желісінде жарияланған бейнежазба аз уақыт ішінде мыңдаған көрерменнің назарына ілігіп, желі қолданушыларының жылы лебізіне ие болды. Бейнероликте ананың «Қазақстан» шоколадының қаптамаларынан қыз балаға арналған сәнді көйлек құрастырып жатқанын көруге болады. Көгілдір түсте дайындалған киім ондаған шоколад қаптамасымен безендіріліп, канат пен тәж секілді сәндік элементтермен толықтырылған. Соның арқасында кішкентай бүлдіршін ертегідегі ханшайымның бейнесін сомдаған.

Көйлектің авторы Әсел Құрбанбаеваның айтуынша, бұл туынды мектептегі «Қыс ханшайымы» байқауына арнайы дайындалған. Ерекше киімді жасауға шамамен бес күн уақыт кеткен. Ол жұмыстан кейінгі кешкі мезгілдерде көйлектің әр бөлшегін мұқият құрастырып шыққан. Ең қызығы, көйлекке пайдаланылған қаптамалар бір күнде жиналмаған. Анасы оларды 2019 жылдан бері сақтап келген. Көп жылғы еңбектің нәтижесінде дүниеге



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЗҰАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4746

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,